

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК**

**«Ерекше тұлға ретінде баланың шығармашылық, зияткерлік мүмкіндігін
дамытудағы білім беру ұйымдарының инновациялық бағыттары»
Әдістемелік ұсынымдары**

**«Инновационные направления деятельности организаций
дополнительного образования с учетом развития интеллектуального,
творческого потенциала детей»
Методические рекомендации**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК

«Ерекше тұлға ретінде баланың шығармашылық, зияткерлік мүмкіндігін дамытудағы білім беру ұйымдарының инновациялық бағыттары» әдістемелік ұсынымдары «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК Астана, 2014 ж

Методические рекомендации «Инновационные направления деятельности организаций дополнительного образования с учетом развития интеллектуального, творческого потенциала детей». РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования». Астана, 2014 год

Әдістемелік ұсынымда инновацияның теориялық аспектілері мен әдістемелік негіздері және республикадағы балаларға қосымша білім беру жүйесінде инновациялық бағыттарды жүзеге асыру механизмдері қарастырылған, қосымша білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттары, инновациялық үдерістердің қазіргі жағдайы, қосымша білім беру ұйымдарының инновациялық бағыттағы қызметінің үздік тәжірибелері ұсынылды.

Ұсынылып отырған мәлімет балаларға қосымша білім беру жүйесінің басшыларына, әдіскерлерге және қосымша білім беру педагогтеріне арналады.

В методических рекомендациях рассмотрены теоретические аспекты и методологические основы инноваций и основные механизмы реализации инновационных направлений в системе дополнительного образования детей в республике, представлены приоритетные направления развития системы дополнительного образования, реальное состояние инновационных процессов, представлен лучший опыт инновационным направлений деятельности организаций дополнительного образования.

Предлагаемый материал адресован руководителям организаций образования, методистам и педагогам системы дополнительного образования детей.

Рецензент: Бакирова Күлжахан Шаймерденқызы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогикалық ғылымдары докторы

Рецензент: Бакирова Кульжахан Шаймерденовна, доктор педагогических наук, профессор Казахского Национального педагогического университета им. Абая

ҚР БжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады (2014 ж. 12.02. хаттама № 07)

Рекомендовано к печати методическим советом РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» (Протокол № 07 от 2.12.2014 г.)

Мазмұны Содержание

1.	Кіріспе	4
2.	Білім беру жүйесіндегі инновациялардың теориялық-әдіснамалық негіздері	6
3.	Қосымша білім беру жүйесіндегі инновациялар мен инновациялық процестердің бағыттары	10
4.	Педагогикалық ұжымның балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудағы инновациялық әлеуеті	17
5.	Қосымша білім беру педагогінің инновациялық қызметі	22
6.	Оқытындардың қабілетін дамытуды және білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін инновациялық білім беру ортасын құру	31
7.	Қосымша білім беру ұйымдарында инновациялық бағыттарды дамыту үлгісі	39
8.	Қорытынды	45
9.	Қолданылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі	90
10.	Введение	47
11.	Теоретико-методологические основы инноваций в системе образования	48
12.	Направления инноваций и инновационных процессов в системе дополнительного образования	52
13.	Инновационный потенциал педагогического коллектива в организации дополнительного образования детей	59
14.	Инновационная деятельность педагога дополнительного образования	64
15.	Создание инновационной образовательной среды, обеспечивающей развитие способностей обучающихся и достижение результатов образования	74
16.	Модель развития инновационных направлений в организациях дополнительного образования	82
17.	Заключение	88
18.	Список используемой и рекомендуемой литературы	90

Кіріспе

Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта жаңарулар еліміздің экономикасының айтарлықтай өсуін қамтамасыз етті, әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануға мүмкіндік туғызды. Бұл мәнмәтінде қоғамдық даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігі деңгейінің критерийі ретінде білім берудің, адами ресурстар жүйесінің рөлі өсе түседі. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге әсер етеді, одан ұтқырлықты, жаңа тарихи кезеңнің талаптарына және экономиканы дамытудың қажеттіліктеріне сай болуды талап етеді.

Әлемдік нарықтың жаһандануы және оның барлық сегменттерінде бәсекелестіктің артуы жағдайларды Қазақстан үшін, сол сияқты тұтас әлем үшін де инновациялық даму жолы баламасыз стратегия болып табылады. Дамыған елдердің тәжірибесін ескере отырып және отандық экономиканың нақты жағдайын назарға ала отырып, Қазақстан өзінің инновациялық даму бағытын айқындап алды. Инновациялық процестің барлық қатысушыларының ұжымдық өзара іс-қимылында ғылымды және инновацияларды басқарудағы тұтас саясатты әзірлеу ел стратегиясының негізгі басымдығы болып табылады.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясы шикізат бағытынан алшақтауға ықпал ететін, экономиканың салаларын әртараптандыру арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізуді, ұзақ мерзімді жоспарда технологиялық экономикаға көшу үшін жағдайлар жасауды өз алдына мақсат етіп қояды. Елдің дамуымен өз қызметінің нәтижесін болжай алатын, жаңа білімдер туғыза алатын және оларды іс жүзіне асыра алатын адамдарға деген қажеттілік күрт өсті.

Еліміздің педагогикалық қоғамдастығы алдында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін бәсекеге қабілетті, заманауи ету: мақсаттарды, оларға қол жеткізу тәсілдерін жаңарту, яғни білім берудің мазмұндық және процессуалдық аспектілерін қайта қарау міндеті тұр.

Бұл мәселені шешуде ерекше рөл балаларға қосымша білім беру ұйымдарына жүктеледі. Бұл балаларға қосымша білім беру жүйесін қоғамның талаптарына сай жаңғырту қажеттігін білдіреді.

2020 жылға дейінгі кезеңде білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында балалар мен жастардың бейімділіктерін, қабілеттерін және жекебасты, әлеуметтік және кәсіптік өзіндік бағытын дамытудың айқындаушы факторларының бірі ретінде балаларға қосымша білім беру жүйесінің маңызды рөлі атап айтылған.

Бүгінгі күні балаларға қосымша білім беру үздіксіз білім беру жүйесі құрамдауыштарының бірі ретінде қарастырылады және балаларға жекелей бағытталған көзқарастың кеңдігімен сипатталатын жаңа типті білім беру олардың білім алудағы қажеттіліктеріне, өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға негізделеді.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытуда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа жағдайларына сәйкес балаларға қосымша білім беруді сапалы түрде жаңарту; қосымша білім беру қызметтерінің деңгейін арттыру сияқты бірқатар үрдістерді қарастырады.

Осыған байланысты ғылым жетістіктерін және жаңа педагогикалық тәжірибені сыни, шығармашылық меңгеру және қолдану арқылы өз қызметінің мазмұны мен нысанын байыта әрі өзгерте алатын қосымша білім беретін педагогке қажеттілік арта түседі.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңартудың жетекші үрдісі педагогті инновациялық қызметке қатыстыру болады, ол ұйымның басты сапасы болып табылады. Балаларға қосымша білім беру ұйымының инновациялық стратегиясының үйлесімінде барлық өзгерістердің тікелей қатысушысы ретінде педагогтің маңызы едәуір артады. Оның инновациялық қызметі жеке педагогикалық жүйенің міндетті құрамдас бөлігіне айналады. Педагогикалық ұжымда жаңа педагогикалық білімге, педагогтің білім беру және әлеуметтік функцияларына қажеттік артады.

Күнделікті тәжірибені талдау қосымша білім беретін педагогтердің елеулі бөлігінің инновациялық қызметке тартылмай, инструменталдық рөл атқара отырып, қалыптасқан дәстүрлерге қарай қасаң түрде әрекет ететінін көрсетеді, өйткені бұрын педагогтің алдына тым тар міндеттер қойылды және олардың бағытын нақты кәсіпқойлық белгіледі.

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі педагогтердің көпшілігінің кәсіби педагогикалық білімінің болмауына қарай олардың инновациялық педагогикалық қызметке көзқарасы жеткіліксіз түйсінбеген ретінде сипатталады, бұл заманауи талаптар тұрғысынан кәсіпқойлықтың өсуін тежейді. Педагогтердің басым бөлігінде инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеуге және қолдануға қажеттілік қалыптаспаған, оны іріктеу мен талдауда дағдылары мен қабілеттері жоқ. Мұны инновациялық педагогикалық қызметтің уәдемесінің төмендігімен түсіндіруге болады.

Аталған проблеманы қарастырудың өзектілігі қосымша білім беру ұйымының қызметіндегі инновациялардың білім беру процесін жетілдірудің аса тиімді шарттарының бірі, дәйекті құралға айналатындығымен де белгіленеді.

Аталған ұсынымдар республика қосымша білім беру ұйымдарының үздік педагогикалық ұжымдары мен қызметкерлері қызметінің тәжірибесіне негізделген практикалық материалды қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдар қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне, түрлі деңгейлердегі әдіскерлерге инновациялар туралы түсінік қалыптастыруға, сондай-ақ өз жұмысында оларды меңгеруде сындарлы практикалық қабілеттер алуға көмектеседі.

1. Білім беру жүйесіндегі инновациялардың теориялық-әдіснамалық негіздері

Әлеуметтік өмірдің барлық салаларындағы түбегейлі өзгерістер, ғылым мен техникадағы жетістік, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа қажеттіктер білім беру жүйесін жаңғырту қажеттігіне әкелді. Осы саладағы міндеттерді сәтті шешудің ықтимал жолдарының бірі барлық деңгейлердегі білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыруды қамтамасыз ететін инновацияларды іздестіру және енгізу болып табылады.

Аталған әдіснамалық материалдарды әзірлеудің негіздемесі: «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасындағы білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасындағы білім беру саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары; Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары; қосымша білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

Соңғы бірнеше жылдың ішінде «инновация» сөзі қоғам өміріне дендеп енді. Инновация – кең ұғым, онымен адам тіршілігінің кез келген саласында дерлік шұғылданады.

Анықтамалық әдебиеттерде инновация жаңа көзқарас, жаңалық, жаңалық ретінде қарастырылады. Аталған ұғымның философиялық, әлеуметтік-психологиялық анықтамалары оның нақты сипаттамасын көрсетеді:

✓ соның арқасында оң өзгерістер жүргізілетін және қажетті тиімділікке қол жеткізілетін сол немесе басқа жаңа енгізілімді қолданылып жүрген тәжірибеге мақсатты енгізу;

✓ ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалануға негізделген техника, технологиялар, еңбекті ұйымдастыру және басқару саласындағы жаңа енгізілім, сондай-ақ осы жаңалықтарды қызметтің түрлі салаларында пайдалану; тиімділігі жоғары енгізілген жаңалық.

«Инновация» ұғымына сипаттама бергенде жаңа енгізілім және жаңалық секілді терминдер пайдаланылады. Жаңа енгізілім – жаңа қағида, жаңадан белгілінген тәртіп; енгізу ортасына жаңа тұрақты элементтерді ендіретін мақсатты өзгеріс, соның нәтижесінде жүйе бір күйден екінші күйге ауысады. Жаңа енгізілім жаңалық енгізудің көмегімен жүйені бір сапалық күйден екіншісіне көшіру процесі болып ұғынылады.

Ғылыми зерттеулердегі жаңалық тиімділікті ықтимал арттырудың материалдандырылған идеясы, тиісінше пайдалану кезінде соны енгізу жүйе жұмысының нәтижелерін жақсарту алатын тәсіл ретінде қарастырылады. Жаңалық қандай да бір процестің, жүйенің тиімділігін арттыруға бағытталған мақсаткерлікпен іске асырылатын озық өзгеріс ретінде сипатталады. Бұл ретте жаңалық процесс ретінде емес, жаңа енгізілімдерді іске асыру нәтижесі, тәсілі ретінде ұғынылады. Жаңалық шынайы өзгерістер болғанға дейін қолданылады, оны таңдау біз бірденені өзгертуге енді кіріскелі жатқан кезде ғана мүмкін.

Жаңалық – қатысы ұғым. Бір жүйе үшін жаңалық болып табылатын нәрсе, басқасына ендігі бұрыннан қолданылатын компонент болуы мүмкін.

«Инновация», «жаңа енгізілім», «жаңалық» ұғымдары арақатынасының талдамасы инновацияларды енгізу ортасына жүйенің бір күйден екіншісіне ауысуын туғызатын жаңа тұрақты элементтерді (жаңалықтар) енгізумен мақсатты түрде байланысты құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда жаңалық өзіне сапалы өзгеру мүмкіндігін білдіретін мазмұнды енгізсе, ал жаңа енгізілімнің мәні оның өзгеруі инновацияның мәнін құрайтын

нақты объекті жағдайындағы жаңалықтарды ауыстырып қондыру немесе өндіру технологиясын қамтамасыз ететіндігінде.

Адамның зияткерлік қызметінің, шығармашылық процестің, жаңалықтардың, өнертабыстардың және жаңа немесе алдыңғы объектілерден ерекшеленетін түрдегі оңтайландырудың түпкі нәтижесі бола отырып, инновациялар нарыққа әлеуеті аса жоғары, жаңа сапаға ие болған, уақыт өте келе өз кезегінде жетілдіру объектісіне айналатын адамның зияткерлік қызметінің мүлдем жаңа (жетілдірілген) өнімдерін (қызметтерін) енгізумен сипатталады.

Инновациялық қызмет – бұл айрықша қызмет, оған қажеттілігімен (әлеуметтік-қоғамдық, нарықтық және т.т.) ерекшеленетін нәтижелер алу үшін жаңа нәрселер (білімдер, технологиялар, әдістер, тәсілдер) енгізіледі.

Инновациялық қызметті іске асыру адам факторын ескеруді, оны жайластырудың барлық кезеңдерінде пайда болатын әлеуметтік-психологиялық кедергілерді еңсеруді талап етеді.

Инновациялық қызметтің әлеуметтік-психологиялық кедергілерін еңсеруге мыналар септігін тигізеді:

1) оның қатысушыларының мінез-құлқының ұстанымдарын, құндылықтарының, этикалық нормаларының бағдарын есепке алу;

2) инновациялық қабілеттерді дамыту, қабылдауға және инновацияға қатысуға даярлықты қалыптастыру үшін қызметкерлерді белсенді оқытудың әлеуметтік-психологиялық әдістерін қолдану.

Білім беру жүйесіндегі инновациялар туралы XX ғасырдың 80-жылдарынан бері айтыла бастады. Дәл осы шақта педагогикадағы инновациялар проблемасы, және тиісінше, оның түсінігін қамсыздандыру әлеуметтік зерттеулердің тақырыбына айналды. Синонимдер ретінде қолданылатын «білім берудегі инновациялар» және «педагогикалық инновациялар» терминдері ғылыми тұрғыда негізделіп, педагогикаға енгізілген болатын. Қазіргі заманғы зерттеулердегі педагогикалық инновация педагогикалық қызметке жаңа енгізілім, олардың тиімділігін арттыру мақсатын көздеген оқыту және тәрбие беру мазмұнындағы және технологиясындағы өзгеріс ретінде қарастырылады.

Кейбір отандық авторлар педагогикалық инновацияларды озық тәжірибенің өзгеше түрі ретінде айқындайды және оларды түбегейлі жаңалықтармен теңдестіреді. Инновациялардың өзгешелігін біріншіден, олардың көкейтесті проблеманың жаңа шешімін әркез қамтитынымен, екіншіден, оларды пайдаланудың сапалық жаңа нәтижелерге әкелетіндігімен, үшіншіден, оларды енгізудің жүйенің басқа құрамдас бөліктерінің сапалы өзгеруін туғызатынымен байланыстырады.

Педагогикалық жаңалық білім беру тарихында осы түрінде бұрын беймәлім болған, бұрын ұшыраспаған, оқыту мен тәрбие беру теориясы мен тәжірибесін дамытатын күйге, нәтижеге әкелетін педагогикалық қызметтің ықтимал өзгерістерін қамтитын (педагогикалық қоғамдастық жаңалықтарды меңгеріп, енгізген кезде) нәрсе ретінде» анықталады.

«Жаңалық» термині «жаңғырту» ұғымымен байланыстырылады. Инновация деп қалыптасқан оқыту технологиясын айтарлықтай өзгертетін

жаңа білім беру (басқа тәсіл), жаңа идея, оқу орнының немесе білім беруді басқарудың жаңа тұлғаты ұғынылады. Инновация мен жаңалықты процесс және тәсіл ретінде ажыратқан жөн.

Педагогикалық инновациядағы жаңа енгізілімдер тәжірибеге педагогика және психология ғылымдарының жетістіктерін енгізген кезде, озық педагогикалық тәжірибені пайдаланған кезде қалыптасатын оқу-тәрбие процесінің сапалық жаңа күйі ретінде анықталады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық процестер «педагогикалық жаңалықтарды жасаудың, қабылдаудың, бағалаудың, меңгеру мен қолданудың басқарылатын процестері»; педагогикалық қоғамдастықтың бірлікте қарастырылатын педагогикалық жаңалықтарды жасаудың, қабылдаудың, бағалаудың, меңгеру мен қолданудың басқарылатын процестері ретінде қарастырылады.

Инновациялық процесс жаңалықтарды жасау, тарату және меңгеру есебінен білім беру саласын дамыту процесі ретінде түсінген жөн. В.С.Лазарев атап көрсеткендей, бұл бірнеше кезеңде өтетін циклдік процесс:

- ✓ өзгертуге қажеттілікті анықтау (проблеманы анықтау);
- ✓ проблеманың шешімдері идеясын әзірлеу;
- ✓ проблеманы (жаңалықты) шешу тәсілін әзірлеу;
- ✓ жаңалықты мақұлдау және сараптау;
- ✓ жаңалықты тарату – жаңалықты меңгеру.

Білім берудегі инновациялар арнайы жобаланған, әзірленген немесе педагогикалық бастама тәртібімен кездейсоқ ашылған болуы мүмкін.

Педагогикалық инновациялардың өзгешелігі неде? Инновациялық процестердің негізгі белгілерін сақтай отырып, педагогикалық инновациялар басқа инновациялардан ең алдымен өздерінің қызметінің «мәні» білім алушының немесе педагогтің жеке тұлғасы болып табылатындығымен ерекшеленеді. Қайталанбас ерекшеліктері мен өзгешелігі бар жеке тұлға ұдайы даму үстіндегі тұлға. Кез келген педагогикалық жаңа енгізілімдер тап сол тұлғаның дамуы процесін жетілдіруге бағытталған.

Өзінің мәніне қарай «инновация» ұғымы жаңалықтарды жасауға және таратуға ғана емес, сонымен бірге осы жаңалықтармен байланысты қызмет түріндегі өзгерістерге, ойлау стиліне қатысты. Педагогикалық инновациялардың ерекшеліктері мен айрықша белгілері:

1. инновациялық қызметінің мәні – қайталанбас, даму үстіндегі, ерекшеліктері бар тұлға;
2. әлеуметтік тапсырыс немесе қоғам қажеттілігі түріндегі объективтік талаптарға тәуелділік;
3. педагогтің педагогикалық инновацияларды қабылдауға және іске асыруға психологиялық даярлығы.

Педагогикалық инновациялар білім беру тәжірибесінің тиімділігін арттыру мақсатында мақсаты тәсілдері мен мазмұнындағы өзгеріс болып табылатын инновациялық қызмет барысында іске асырылады. Инновациялық қызмет – бұл білім беру сапасын арттыруға септігін тигізетін (адамның зиякерлік, рухани, эмоционалдық және физикалық қызмет салаларына қолайлы әсер ететін); білім беру мазмұнындағы қағидаттық өзгерістердің

пайда болуынан, білім беру процестерінің өтуінде, білім беру тәсілдерінде немесе білім беру кеңістігінде байқалатын жаңалықты жасаумен, мақұлдаумен, енгізумен сипатталатын қызмет. Инновациялық қызмет кезеңімен іске асырылады, өйткені жұмыстың жаңа нысандарын меңгеру үшін белгілі бір уақыт, тиісті ғылыми қамтым, педагогтердің даярлығы, ұжымның жаңа жұмыс жағдайларын бейімделуі және т.т. қажет етіледі. Идея туындаған сәттен бастап іс жүзіне асырылғанға дейін бірнеше кезең өтеді:

- ✓ білім беру немесе тәрбиелеу міндетін шешу жолдары туралы негізделген ұсыныс;

- ✓ аталған әдістемені кеңінен сынамалау; шектеулі немесе жаппай іске асыру;

- ✓ толық меңгеру.

Инновациялардың зерттемелері мен дамуы проблеманы шешудің жаңа қағидаттық тәсілі табылмағанша жүргізіледі. Мұндай тәсіл алға тартылған идеялар мен ұсыныстардың дамуын қадағалауға, олардың нақты тиімділігі, жаңа енгізілімдердің ауқымы туралы ойлауға мүмкіндік береді.

Инновациялар проблеманы шешудің дәстүрлі тәсілдері педагогтердің біліктілігіне қарамастан оң әсерін бермеген жағдайларда маңызды. Инновацияларды ешқашан енгізу ауқымына қарай бағаламаған жөн, өйткені бір жерде тамаша жұмыс істеп тұрған нәрсе басқа жағдайларда келесі жерде мүлдем жұмыс істемейтін болады. Әркез тек нақты жерден алынған нақты нәтижелерді ғана бағалаған (сол жерден алдыңғы алынған нәтижелерді салыстырып) жөн.

Даму процесі үшін қолда бар тәжірибені қайта бағамдау, оны қайта бағалау, жаңа қызмет бағыттарын, жаңа идеяларды, құндылықтар бағдарларын бөліп көрсету, оларды түйсіну, жобалар әзірлеу және жаңа жүйелер мен жағдаяттарды үлгілеу тән.

2. Қосымша білім беру жүйесіндегі инновациялар мен инновациялық процестердің бағыттары

Қазіргі таңда инновациялық педагогикалық қызмет кез келген білім беру ұйымының маңызды құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Міне, сондықтан инновациялық қызмет білім беру қызметтері нарығындағы сол немесе басқа білім беру ұйымының бәсекеге қабілеттілігін туғызудың негізін жасап қана қоймай, педагогтің кәсіби өсуінің, оның шығармашылық ізденісінің бағыттарын белгілейді, білім алушылар тұлғасының дамуына шйнайы септігін тигізеді.

Педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығын біріншіден, қоғамда және білім беру жүйесінің өзінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасындағы білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдармаласында жарияланған жаңартылған білім беру саясаты ынталандырады.

Инновациялық қызметті дамыту – қосымша білім берудегі стратегиялық бағыттардың бірі.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары бүгінде қолжетімді және қызықты, заман мен жаңа буын адамдарының талаптарына жауап беретін білім берудің жаңа тәжірибесін қалыптастыруда. Сондықтан балаларға қосымша білім беру ұйымының, әрбір шығармашылық бірлестіктің сәтті қызметінің басты критерийлерінің бірі дамуға, сапалық жаңа нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізетін жаңа тәсілдерді, әдістерді, бағдарламаларды меңгеру процесі ретінде нәтижелі инновациялық қызмет болып отыр және балалар, ата-аналар, қоғам үшін барған сайын тартымды әрі қажет болуда.

Қосымша білім беру саласындағы инновациялық процестер оқыту мен тәрбиелеу сапасына оң әсер етеді, қосымша білім беретін педагогтердің кәсіби деңгейін арттырады, білім алушылардың рухани дамуы үшін үздік жағдайлар туғызады, оларға тұлғалық бағдарланған тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы инновациялық қызметтің бағыттары:

- қосымша білім берудің мазмұнын жетілдіру;
- заманауи педагогикалық технологияларды зерделеу және тәжірибеге енгізу;
- дарынды балалармен жұмыс істеу жүйесін жасақтау;
- басқару жүйесін жетілдіру;
- білім беру жүйесін ақпараттандыру.

Қосымша білім беру саласындағы оқыту процесін жаңарту мына педагогикалық технологияларды жетілдіру арқылы жүзеге асырылады:

1. Тұлғалық бағдарланған тәсіл негізіндегі педагогикалық технологиялар:

- тұлғалық бағдарланған оқыту;
- өздігінен дамушы оқыту технологиясы;
- ынтымақтастық педагогикасы («озық технология»);
- ізгілік-тұлғалық технология;
- ойын технологиялары;
- дамушы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту;
- жеке оқыту технологиясы (жеке тәсіл, оқытуды дараландыру, жобалар әдісі).

2. Саралау және дараландыру технологиялары.

3. Педагогикалық шеберханаларды пайдалану арқылы топ ішіндегі саралау.

4. Жобалау технологиялары балаларды әлеуметтік және тұлғалық маңызды қызметке қатыстыруды болжамдайды.

Қосымша білім беру саласындағы инновациялардың келешек көздері, бұл:

- қосымша ресурстарды тарту және білім беру процесінің сапасын арттыру, кәсіби бағдарлау жұмысының тиімділігін арттыру шарты мен құралы ретінде басқа ұйымдармен әлеуметтік серіктестік және бірлескен жобалар;
- білім берудің ашықтығын арттыру, білім алушыларды шығармашалыққа уәждеудің нәтижесі ретінде өз қызметінің нәтижелері үшін

мақтанышты дамыту тәсілі ретінде өңіраралық және халықаралық жобаларды дамыту;

➤ бірлескен қызметтің нормаларын әзірлеу, ұжымда жұмыс істеу қабілетін, білім алушының тұлғасын әлеуметтендіру тәсілі ретіндегі топпен жұмыс істеу;

➤ білім берудің қолжетімділігін арттыру, қосымша білім беру оқу бағдарламаларының компьютер технологияларымен қамтылуының қазіргі заманғы деңгейін қамтамасыз ету жолы ретінде қашықтан қатысу мүмкіндігі бар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық жобаларды дамыту;

➤ түрлі деңгейдегі қосымша білім беру оқу бағдарламаларының сабақтастығы, білім алушылардың бастапқы уәждемесінен байыпты кәсіптік білім алу алдындағы даярлыққа дейінгі үздіксіз оқу циклдерін жасақтау;

➤ ғылым, өнер, әлеуметтік қызмет және т.б. салаларда пайда болған жаңа бағыттарды ескере отырып, білім беру мазмұнын жаңарту;

➤ білім беру процесінің жаңа, бірегей нысандарын қолдану;

➤ білікті мамандар үлгілейтін және қосымша білім беруді дамытудың барлық бағыттары бойынша жүйелік ақпаратты ұсынатын мамандандырылған интернет-портал негізінде қосымша білім берудің кешенді ақпарат жүйесін дамыту;

➤ ықпалдастырылған білім беру технологияларын – жобалау-зерттеу қызметін, ойын технологиясын, дәстүрлі түрде қолданылған бағыттар аясындағы тұлғалық бағдарланған тәсілді дамыту;

➤ білім алушылардың қауымдағы және аумақтық қоғамдастықтарда оларды қосымша білім беру оқу бағдарламаларының тақырыбына енгізе отырып, шығармашылық, жобалау және зерттеу жұмыстарының ықтимал әлеуметтік қажетті тақырыптарын талдау және анықтау; енгізу кешендерін жасақтау;

➤ білім алушылардың уәждемесін арттыру үшін түрлі кәсіптердің психологиялық аурасын (романтизм, героика және т.б.) жүйелі түрде пайдалану.

Педагогикалық тәжірибе балаларға қосымша білім беру ұйымдарының оң инновацияларды қосымша білім беру саласына іріктеу мен бағалауға, инновациялық бағдарламалар мен технологияларды әзірлеуге және енгізуге, оларды балалармен жұмыс істеуде сапалы іске асыруға жеткілікті даяр емес екендігін көрсетеді.

Инновациялық педагогикалық қызмет проблемалары балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметіне, балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы басқарушылық қызметті және әдістемелік жұмысты жаңарту процестерін нормативтік және нұсқаулық-басқарушылық қамсыздандыруға кеңінен әрі берік енуде, инновацияларды іске асыру жағдайында олардың тиімділігін арттыру жеткіліксіз. Әдістемелік жұмыс жүйесі бүгінгі таңда қосымша білім беретін педагогтер тартылған инновациялық процестерге бара бар емес болып табылады.

Инновациялар тәжірибесі басқару қызметі мен әдістемелік жұмысты жаңа күйге – балаларға қосымша білім беру ұйымдарының инновациялық кеңістігіне көшіруді талап етеді.

Осыған байланысты балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы инновациялық қызмет бағдарламасын әзірлеу қажеттігі туындап отыр.

Бағдарламаның негізіне мынадай ұғымдар енгізілуі тиіс:

1. Инновациялық басқарушылық қызмет – балаларға қосымша білім беру ұйымы басшысының басқарушылық функциялардың, пайдаланылатын әдістердің, ұйымдық құрылымның мазмұнындағы жаңалықтарды жасау, әзірлеу, меңгеру жөніндегі қызметі, жаңа енгізілімдерді балаларға қосымша білім беру ұйымын басқару және дамыту тиімділігін арттыру мақсатында енгізу. Басқарушылық инновацияларды енгізу инновациялық сипат алатын балаларға қосымша білім беру ұйымы басшысының басқарушылық қызметін жаңартуға бастайды.

2. Балаларға қосымша білім беру ұйымындағы инновациялық әдістемелік жұмыс – бұл педагогтердің кәсіби қызметтің жаңа инновациялық тәсілдерін меңгеруіне бағдарланған кәсіби-педагогикалық (басқарушылық) қызметінің бір бөлігі, ол мынадай қабілеттерді қамтиды:

- инновациялардың басым бағыттарын белгілеу;
- инновациялық қызметтің мазмұнын іріктеу;
- заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы инновацияның мазмұнын іске асыруды жобалау;
- инновациялар нәтижелері бойынша балалардың білімдарлығын бағалау критерийлерін сипаттау.

Осы бағдарламаның жалпы бағыттылығының мәні педагогикалық тәжірибеге білім берудегі жаңару жобаларын, білім беру технологияларын дамытатын басқару нысандарын меңгеруге, жасақтауға және енгізуге, қосымша білім беру сапасын, оның қоғамдағы мәртебесін арттыруға бағдарланған балаларға қосымша білім беру ұйымында білім беру инновациялық кеңістігін ұйымдастыруда.

Бағдарламаның мақсаты: Білім сапасын арттыру талаптарының бірі ретінде балаларға қосымша білім беру ұйымының инновациялық білім беру кеңістігі үлгісін жасақтау.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- қосымша білім беретін басшы мен педагогтің кәсіби шеберлігін арттыру;
- балаларды оқыту мен тәрбиелеудің перспективалық технологияларын әзірлеуге бағытталған педагогтердің эксперименталдық-ғылыми зерттеулерін ынталандыру және жандандыру;
- тәжірибешіл педагогтердің шығармашылық қызметіне қажетті жағдайлар жасау;
- шығармашылық ізденістерді ақпараттық, ғылыми-әдістемелік және психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыру;
- көпшілік педагогикалық тәжірибедегі инновацияларды және инновациялық қызмет тәжірибесін насихаттау;

- инновацияларды жаппай пайдалануға мүмкіндік беретін оларды әдістемелік ресімдеуді жүргізу.

Күтілетін нәтижелер:

- әдістемелік жұмысты ұйымдастыру сапасын арттыру (әдістемелік жұмыстың инновациялық үлгісіне көшу);

- қосымша білім беру ұйымының орнықты дамуға, балаларға қосымша білім беретін дәстүрлі ұйымдарға қатысты оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағдарланған оң имиджін қалыптастыру, бұл қосымша инвестициялар тартады, серіктестік байланыстар орнатуға және кеңейтуге мүмкіндік береді;

- балаларға қосымша білім беру ұйымы жұмысының басым бағыттарын іске асыру жағдайында білім беру кеңістігінің инновациялық үлгісін жетілдіру;

- өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыратын қосымша білім беретін педагогтердің санын арттыру;

- қосымша білім беретін педагогтердің өңірлік және республикалық деңгейлердегі инновациялық педагогикалық жұмыс тәжірибесін қорытуға және таратуға белсене қатысуы;

- қосымша білім беретін педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің және олардың жұмысқа деген көзқарасының оң өзгеруі;

- педагогтердің заманауи білім беру технологияларын меңгеру деңгейін арттыру;

- балаларға қосымша білім беру ұйымының білім беру кеңістігіне инновациялық қызметті енгізуге педагогтердің жедел әрі оң ден қоюы.

Бағдарламаны құрастыру мына қағидаттарға негізделген:

✓ ізгілік (балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыруда педагогтің жеке тұлғасына сый көзбен қарауды қамтамасыз ететін эмоциялық қатынастар өрісін құру, білім беру процесіне әрбір педагогті оңтайлы қосу мақсатында жекелей көзқарас құралдарын іздестіру);

✓ демократияландыру (инновациялық қызметтің барлық субъектілерінің инновациялар мазмұнын таңдау мен жоспарлау процесіне қатысуын белсендендіру);

✓ ғылымилық, талдамалық қызмет;

✓ жүйелі тәсіл (инновациялық қызметті жоспарлаудың теңгерімділігі);

✓ перспективалылық (соңғы нәтижеге бағытталу);

✓ үйлесімділік (оқу жылы ішінде инновацияға қатысушы педагогикалық ұжым мүшелерінің арасында барлық іс-қимылдарды бірдей бөлу);

✓ алға қойылған мақсаттардың нақтылығы;

✓ серпінділік (сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен өзгерушілік);

✓ бас звено қағидаты (инновациялардың уақыты мен кезеңдерінің белгілі бір мерзімдеріндегі негізгі мақсаттарды таңдап алу).

Диагностикалық құралдар:

- педагогтердің әдістемелік жұмыс жүйесіне инновациялық және эксперименталдық қызметті енгізуге дайындығын диагностикалау;
- педагогтердің кәсіби қызметін, олардың қиыншылықтары мен білім берудегі қажеттіліктерін диагностикалаудың, өз бетінше диагностикалаудың нәтижелері;
- бір жыл ішіндегі әдістемелік жұмыстың кешенді талдауы.

Бағдарламаны іске асыру процесінде мына әдістер пайдаланылады:

- жобаның тақырыбы бойынша ғылыми-практикалық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиетті, нормативтік және нұсқаулық құжаттарды зерделеу;
- тақырып бойынша бар тәжірибенің талдауы;
- теориялық модельдеу;
- педагогикалық талдау әдістері (диагностика, бақылау және қадағалау, сауалнама жүргізу, сұхбаттасу және т. б.);
- инновациялық әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда АКТ пайдалану;
- инновациялық қызмет барысында қалыптасатын тәжірибені зерделеу, теориялық талдау және жалпылау әдісі.

Жалпы (стратегиялық) басқаруды директор жүзеге асырады. Инновациялық қызметті бағдарламалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді реттеуді, сондай-ақ жобалауды, жедел түзетуді, бақылауды директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады. Жедел жұмыстарды қосымша білім беру педагогтері жүргізеді. Шақырылған қатысушылар – білім беру жүйесінің басшылық және педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру институттарының мамандары, әдіскерлері ғылыми консультация беруді, сараптама жүргізуді, рецензиялауды жүзеге асырады.

Инновациялық процестерді дамыту бағыттары

1. Басқару қызметіндегі инновациялар:

- бағдарламалық-мақсаттық педагогикалық менеджмент пен маркетинг; балаларға қосымша білім беру ұйымында инновациялық қызметті басқарудың бірыңғай бағдарламасын құру;
- балаларға қосымша білім беру ұйымын дамытуды басқаруға қызметкерлердің қатысу дәрежесін кеңейту және кеңінен өкілеттіктер беру;
- Балаларға қосымша білім беру ұйымын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу;
- білім беру сапасына ішкі бақылау жүргізу алгоритмін өзгерту, оның жаңа нысандарын енгізу;
- балаларға қосымша білім беру ұйымындағы инновациялық қызметті реттейтін нормативтік құқықтық база құру;
- қызметін басқарушылық және ғылыми-зерттеу аспектілерінің бірлігінде жетілдіретін жаңашыл педагогтер қатарынан құрылған алқалық органдарды құру есебінен өзін өзі басқарудың дамыған жүйесі.

2. Педагогикалық кадрлармен жұмыстағы инновациялар:

- қосымша білім беру педагогтерінің үздіксіз білім алуы мен өздігінен білім алу жүйесін құру;

- кадр әлеуетін қалыптастыру бағдарламасын әзірлеу;
- педагогтердің педагогикалық ізденудің жеке бағдарламаларын әзірлеуі;
- педагогтердің кәсіптік шеберлігі деңгейіне байланысты әдістемелік жұмыстың нысандары мен әдістерін дараландыру;
- педагогтерді оқытудың белсенді әдістерін пайдалану (мастер-класс, педагогикалық рингтер, тағылымдамалық алаңдар, педагогикалық жобалар, ИТК-технологияларды пайдалану және т.б.);
- кәсіпқой біліктілікті арттыруды өз бетінше дамытудың нысандары (шығармашылық конкурстар мен зертханалар, жұмыс тәжірибесін БАҚ-та жариялау, инновациялық идеялар банкін құру, кәсіби қызығушылықтар бойынша клубтар және т.б.);
- озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату;
- педагогтердің инновациялық авторлық технологияларды пайдалануы;
- балаларға қосымша білім беру ұйымындағы жұмыстың түрлі бағыттарына инновациялық процестерді одан әрі интеграциялау.

3. Білім беру мазмұнындағы инновациялар:

- қосымша білім берудің жаңа авторлық білім беру бағдарламаларын бейімдеу және енгізу;
- жеке педагогикалық технологияларды әзірлеу және іске асыру;
- қосымша білім беру қызметтерін ұйымдастыру.

Әрбір инновациялық бағыт бойынша жұмыс **төрт негізі қадаммен** жүзеге асырылады:

1. Жаңа идеяларды іздеу:

- ақпарат жинау және оларды талдау арқылы ақпараттық қор құру;
- инновациялық қажеттіліктерді анықтау;

2. Жаңалықтарды қалыптастыру:

- білім берудің инновациялық ұйымдарының идеялары мен мүмкіндіктерін қалыптастыру, жұмыс кезеңдерін жоспарлау;
- педагогикалық ұжымдардың «озық тобының» қатысуымен инновациялық идеяларды сынақтан өткізу;
- сынақтан өткізу қорытындыларын шығару, ауқымды жаңалықтарды енгізу туралы шешімдер қабылдау, оны іске асыру бағдарламаларын әзірлеу;
- инновациялық қызметтің нормативтік құқықтық базасын әзірлеу.

3. Жаңалықты іске асыру:

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарын («озық топ» ұжымынан басқа) инновациялық технологияларға оқыту;
- педагогикалық қызметкерлерді инновациялық қызметке бейімдеу және ынталандыру;
- педагогтердің зерттеушілік, шығармашылық, рефлексивтік қызметі.

4. Жаңалықты бекіту:

- таныстыру материалдарын әзірлеу;
- аудандық, облыстық және республикалық деңгейлерде жұмыс тәжірибесін тарату.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңартудың жетекші үрдісі балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарын инновациялық қызметке қосу болып табылады.

3. Педагогикалық ұжымның балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудағы инновациялық әлеуеті

Бүгінгі күні қосымша білім беру жүйесінің қызметі заманауи талаптарға сай және полифункционалды болып табылатын жоғары білікті, құзыретті педагогсіз мүмкін емес. Белгілі бір функционалдық міндеттерді (кәсіби құзыреттерді) іске асыру үшін педагогтің белгілі бір инновациялық әлеуеті болуы тиіс.

Педагогтің инновациялық әлеуеті – педагогикалық қызметті жетілдіруге дайын жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени және шығармашыл қасиеттерінің жиынтығы мен құралдар мен әдістердің осы дайындығын қамтамасыз ететін ішкі қасиеттердің болуы.

Әртүрлі деңгейдегі білім беру ұйымының инновациялық әлеуеті – бұл педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетінің деңгейімен айқындалатын, білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ететін ресурстар (САИӨ).

Педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуеті деп ғылымда «оның өзін өзі дамыту және білім беру саласында инновациялық идеяларды, жобаларды және технологияларды іске асыру қабілеті» түсініледі.

Жетекші жаңашыл педагогтердің арнайы әдебиетті талдауының негізінде педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетінің үш деңгейін атап көрсетуге болады:

- *төмен деңгей* – ұжым өз ортасында білім беру ұйымының тәрбиелеу жүйесіне ықпал ететін және дамытатын белгілі жаңалықтарды әзірлеуге және бейімдеуге қабілетсіз. Дербес педагогикалық деңгейдегі біріндеген, жеке жаңалықтар ғана іске асырылуы мүмкін;

- *орташа деңгей* – педагогикалық ұжым өз ортасында белгілі жаңалықтарды бейімдеуге ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеу жүйесінің жекелеген блоктарын өзгерте отырып, оларды үйлестіре алады;

- *жоғары деңгей* – педагогикалық ұжым жаңалықтарды өзі әзірлеуге және тәжірибе жүзінде оларды тексеруге қабілетті болады. Бұл ретте әзірленетін және қолданылатын жаңалықтар жалпы қосымша білім беру жүйесін өзгертуге әкеледі.

Педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетінің аталған деңгейлері едәуір дәрежеде білім беру ұйымының жағдайларына, біліктілік деңгейіне және педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіптік даярлығына байланысты.

Білім беру процесіне құзыреттілік тәсілін енгізу және іске асыру мақсатында БЖЭТО әдістемелік қызметі *Павлодар қаласының Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы (Вольф Л.А.) қызметінің тұжырымдамасын және педагогикалық ұжымының инновациялық әлеуетін дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын айқындады.*

Педагогтердің шығармашылық әлеуетінің деңгейін айқындау үшін педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетін айқындаудың критерийлері

мен көрсеткіштері іріктеліп алынды. Оны практикада іске асырудың нәтижелері мыналар болып табылады:

- дайындық кезеңінде – педагогтердің жаңалықтарды игеруге уәжді дайындығы;
- ұйымдастыру кезеңінде – теориялық дайындық;
- практикалық кезеңде – практикалық дайындық;
- бақылау-бағалау кезеңінде – педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетінің күтілетін және нақты деңгейі арасындағы сәйкестікке қол жеткізу.

Павлодар қаласының Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы педагогтерінің білім беру процесіне құзыреттілік тәсілін енгізуге дайындығын айқындау үшін әдістемелік қызмет педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетінің мына көрсеткіштер бойынша диагностикасын жүргізді:

1. Педагогтің ақпараттық дайындығы;
2. Педагогтің жаңалықтарды игеруге уәжді дайындығы;
3. Инновацияларды игеруге кедергі келтіретін тосқауылдар;
4. Педагогтің жаңашылдық деңгейі;
5. Өз бетімен білім алу қабілеті;
6. Компьютерлік сауаттылық деңгейін өз бетінше бағалау: перифериялық жабдықпен жұмыс істей білу; Интернет (электрондық пошта, ақпаратты іздеу және көшіру, әлеуметтік желілер); бағадарламалық қамтамасыз етуді білу (MS Word, MS Excel, MS Power Point және т.б.).

Павлодар қаласының «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МКҚК (БЖЭТО) педагогикалық ұжымы жүргізген диагностика нәтижелері

1. Педагогтердің жаңалықтарды қабылдауын талдау педагогтердің 25,5% жаңалықтарды қабылдау деңгейі төмен екенін, 75% - шекті деңгейде екенін көрсетті. Жалпы, педагогикалық ұжымда қабылдаудың шекті деңгейі байқалады. Бұл педагогтердің өз бетінше білім алумен үнемі айналысатынын, белгілі бір педагогикалық идеяларды ұстанатынын, оларды педагогикалық қызмет процесінде дамытатынын, жаңаны тез қабылдайтынын, өз қызметінің перспективасын көре білетінін, болжай білетінін көрсетеді.

2. Педагогикалық ұжымның ақпараттық дайындығын зерттеу нәтижелері: педагогтердің 100 % кеңестер мен семинарларда инновациялар туралы ақпарат алатынын, сұралғандардың 65% – әріптестерімен қарым-қатынаста, 80% - БАҚ-нан, 68% - инновациялар туралы кітаптардан алатынын көрсетті. Педагогикалық ұжымның ақпараттық дайындығы 95,5% құрайды, бұл педагогикалық ұжымның ақпараттық даярлығының оңтайлы деңгейінен хабар береді.

3. Педагогикалық ұжымның жаңалықтарды игеруге уәжді дайындығының талдауы педагогикалық ұжымның жаңалықтарды игерудегі басты уәждемелері мыналар болып табылатынын көрсетті: өзін өзі көрсету және өзін өзі жетілдіру уәждемесі – 75,5 %, танымдық уәждемесі – 43,3 %. Бұл Орталық педагогтерінің жекебасты және кәсіптік өсуге ұмтылатынын, жаңа білімдерге, алған білімдерін өз құзыреттілігі шегінде жаңалықтар үстіндегі

практикада тексеруге деген қажеттіліктері бар екенін білдіреді. Абырой уәжемесі 32,5% педагогтен байқалды, бұл олардың беделін арттырғысы келетінін және жетістігіне қарай бағалануға ұмтылатын көрсетеді. Тар әлеуметтік мотивация педагогтердің 4,5 %-нан байқалды.

4. Зерттеу нәтижелері педагогтердің көпшілігінде инновацияларды игеруге деген кедергілердің жоқ екенін көрсетті, бұл педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетінің жоғары деңгейінен хабар береді. Сұралғандардың тек 25%-ында ғана кедергілер бар, олардың ішінде инновациялардың теріс нәтижесін алу қаупі көп орын алған.

5. Ұжымдағы педагогтердің жаңашылдық деңгейін талдау біздің Орталықта жаңалықтарды бірінші болып қабылдайтын, оларға үнемі қызығушылық білдіретін, оларды батыл енгізетін және тәуекелдерге бара алатын педагогтер (А тобы) бар екенін көрсетті. 73 % педагог (В тобы) жаңалықтарға қызығушылық білдіреді, бірақ жаңалықтарды енгізудің орындылығына сүйенеді. Педагогтер егер тиісті жағдайлар жасалған болса, жаңалықтарды енгізу қажет деп есептейді. 27% педагог (С тобы) жаңалықтарды көпшілік қабылдағаннан кейін ғана қабылдайды. Жаңалықтарды кеш игеретін және жаңалықтар мен бастамашылық жаңалықтарға сенімсіз қарайтын Д және Е тобындағы педагогтер жоқ.

6. Педагогтердің компьютерлік сауаттылығының деңгейін өз бетінше бағалаудың нәтижесі педагогтердің 83,5 % перифериялық жабдықпен жұмыс істей алатынын, 95% педагог Internet желісіне пайдалануды ғана емес, сонымен қатар қажетті ақпаратты іздеу және қолдану жұмысын ұйымдастыра алатынын көрсетті. Барлық педагогтер күн сайын жұмыс үшін дербес компьютерді пайдаланады, негізгі бағдарламалық қамтамасыз етуді – 97,5% біледі. Қосымша оқуды талап ететін бағдарламаларды пайдалану жағы қиындау.

БЖЭТО педагогтерінің білім беру процесіне құзыреттілік тәсілін енгізуге және іске асыруға дайындығы нәтижелерін талдау Орталықта педагогтердің 100% дайындығының жоғары деңгейін көрсетті және Орталықтың құзыреттілік тәсілін іске асыру жөніндегі қызметінің алдағы уақыттағы стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік берді.

БЖЭТО білім беру процесіне құзыреттілік тәсілін енгізу мен іске асырудың тиімділігі туралы мыналар бойынша пайымдауға болады:

- Орталықтың ресурстарымен білім алушылардың кәсіпалды даярлығын дамыту;

- қызмет бағыттары бойынша Орталықтың бірлестіктерінде ғылыми-әдістемелік негіздегі білім беру бағдарламаларының мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастырудың озық технологиялары мен әдістемелерін жаңарту;

- қосымша білім берудің вариативтік бағдарламаларын (элективтік курстарын) әзірлеу бойынша жағдайлар жасау;

- қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламаларынан өту туралы сертификат беру;

- Орталықтың жетекші педагогтерінің озық тәжірибесін жалпылау және тарату.

I. Педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетін дамытудың дайындық кезеңі (2011 - 2012 оқу жылы)

Кезеңнің мақсатын педагогикалық ұжымның жаңалықтарды игеруге уәжді дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл кезеңдегі қызмет:

1. Педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуеті деңгейінің диагностикасын;
2. Ақпараттық алаң құруды:
 - қосымша білім беру саласындағы жаңалықтардың банкін қалыптастыруды;
 - өзекті проблемалар бойынша психологиялық-педагогикалық семинарлар өткізуді;
 - педагогтерді қажетті әдебиетпен қамтамасыз етуді;
3. Ғылыммен байланыс орнату, ғалымдарды ғылыми жетекшілер мен консультанттар ретінде тартуды;
4. Инновациялардағы қажеттіліктерді анықтауды, олардың түрлерін айқындауды;
5. Педагогтердің жаңалықтарды өз қажеттіліктеріне қарай және білім алушылардың мүдделері мен бейімділіктерін ескере отырып таңдау;
6. Мақсаттан ауытқу мүмкіндіктерін, жағымсыз кедергілерді және салдарды болжау;
7. Табысқа қол жеткізуге уәждеме туғызуды көздеді.

II. Педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетін дамытудың ұйымдастыру кезеңі (2012-2013 оқу жылы)

Кезеңнің мақсаты – педагогикалық ұжымның құзыреттілік тәсілді енгізуге уәждік және теориялық дайындығы үшін жағдайлар жасау.

Әдістемелік бөлімнің бұл кезеңдегі қызметінің мазмұны:

1. Білім беру процесіне құзыреттілік тәсілін іске асыру бойынша «экология», «туризм», «өлкетану» бағыттары бойынша әдістемелік бірлестіктердің қызметін белсендендіру.
2. Педагогтердің базалық теориялық және әдістемелік білімін толықтыруы (жас маман мектебі, әдістемелік бірлестіктер, «Құзыреттілік тәсілі БЖЭТО білім алушыларының кәсіптік өзін өзі айқындауының құралы ретінде» тақырыбы бойынша педагогикалық кеңестің жұмысына қатысу).
3. Ұжымдық еңбек шартына ұжымның педагогикалық қызметкерлерінің жұмысын ынталандыру туралы толықтырулар енгізу.
4. Құзыреттілік негізінде қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламаларын ішкі және сыртқы рецензиялау.

III. Практикалық кезең (2013-2014 оқу жылы)

Практикалық кезеңде педагогикалық ұжымның бейімделуге практикалық дайындығын қамтамасыз ету көзделді.

Педагогикалық ұжым қызметінің мазмұны:

1. Педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуеті деңгейінің аралық диагностикасы.
2. Оқу-әдістемелік жұмысы жүйесін жетілдіру:

- БЖЭТО жылдық жоспарына сәйкес оқу-әдістемелік жоспарын іске асыру;
- әдістемелік бірлестіктердің қызметтің бағыттары бойынша жұмысы;
- құзыреттілік тәсілін іске асыру бойынша тұрақты жұмыс істейтін практикалық семинар.

3. Жеке және топтық консультациялар.

4. Педагогтердің кәсіптік құзыреттерін дамыту (құзыреттілік негізінде авторлық бағдарламаларды әзірлеу, өз бетінше білім алу тақырыбы бойынша жұмыс, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу).

5. Педагогтердің әртүрлі деңгейдегі әдістемелік жұмыстарға белсенді қатысуы:

- қызметтің бағыттары бойынша әдістемелік бірлестіктердің проблемалық-практикалық топтарының құрамындағы жұмыс;
- семинарлардың, ғылыми-практикалық конференциялардың жұмыстарына қатысу;
- әдістемелік өнім түрінде жұмыс тәжірибесін жалпылау;
- педагогикалық тәжірибе материалдарының көрмесіне қатысу.

IV. Бақылау-бағалау кезеңі (2014-2015 оқу жылы)

Бұл кезеңнің мақсаты педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетінің күтілетін және нақты деңгейлері арасындағы келіспеушіліктерді анықтау болып табылады.

1. Педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетінің деңгейін диагностикалау.

Көрсеткіштер жүйесіндегі бағалау:

- педагогтердің жаңалықты қабылдау деңгейі;
- жаңалықтарды игеруге дайын болуы;
- педагогикалық ұжымның жаңашылдық дәрежесі;
- шығармашылық белсенділік дәрежесі;
- коммуникативтік байланыстардың дамығандығы.

2. Инновациялық әлеуеттердің күтілетін және нақты деңгейлері арасындағы келіспеушіліктердің себептерін анықтау.

3. Инновациялық әлеуетті одан әрі дамыту бойынша педагогикалық ұжым қызметінің бағдарламасын құрастыру.

Педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетті дамыту бойынша қызметінің тиімділігіне оны кезеңдерінің педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыстың мазмұнына, нысандарына және әдістеріне сәйкес сабақтастығын сипаттайтын серпінді процесс ретінде қалыптастыратын болсақ, қол жеткізуге болады:

- педагогтердің жаңалықтарды қабылдау деңгейін, жаңалықтарды игеруге дайындығын қамтамасыз ету;
- жаңашылдық деңгейін және педагогтердің ұжымдағы шығармашылық белсенділігін арттыру;
- дамытудың психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларын қамтамасыз ету.

4. Қосымша білім беру педагогінің инновациялық қызметі

Қосымша білім беру педагогі білім беру процесінде негізгі ұстанымға ие: ұйымдастырудағы көптеген проблемаларды шешудің тиімділігі оның біліктілігіне, кәсіпқойлығына, жекебасты қасиеттеріне байланысты.

Уақыттың жаңа ағымдары қосымша білім беру педагогінен үнемі белсенді болуды талап етеді. Егер дәстүрлі жүйеде жұмыс істейтін педагог үшін арнайы және әдістемелік білімдер маңызды болса, оған кәсіби деңгейде білім беру процесін жүзеге асыруға және оның жоғары тиімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін педагогикалық техниканы меңгеру, педагогикалық шеберлікті игеру жеткілікті болатын.

Инновациялық режимге көшу үшін педагогтің инновацияларға әзірлігі маңызды болып табылады және теориялық (заманауи психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларды білу), әдіснамалық (педагогикалық құбылыстарды, оқыту мен тәрбиелеуді әлеуметтендірудің заңдылықтарын зерделеудің жалпы қағидаттарын білу) және технологиялық (дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар инновациялық білім беру технологияларын білу) білімдер басымдық алуға.

Қазіргі заманғы – ол балалар бірлестігінде білім алушыларға мүдделеріне қарай білім беретін педагог қана емес. Қосымша білім беру педагогінің кәсіби қызметі егер ол бір кездері игерілген жұмыс әдістерін қайталау болса, егер ол білім берудің неғұрлым жоғары нәтижелеріне қол жеткізу үшін нақты бар мүмкіндіктерді іске асырмаса, егер ол педагогтің өзінің жеке тұлғасын дамытуға ықпал етпесе, толыққанды қызмет бола алмайды. Шығармашыл болмау шебер педагогке тән емес.

Бүгінгі күні кәсіптік тұрғыда үнемі өсу қажет. Аттестациялаудың жаңа нысаны да педагогтен осыны талап етеді.

Қосымша білім беру педагогінің кәсіптік өзін өзі жетілдіру процесінде оның **инновациялық қызметі** маңызды мағынаға ие.

Инновациялық қызмет – барынша жоғары нәтижелерге қол жеткізу, жаңа білім алу, сапалы өзге педагогикалық практика алу мақсатында білім беру процесін салыстыру және зерделеу, өзгерту және дамыту арқылы жеке практикалық тәжірибесінің мәнін түсінуіне негізделген нысаналы қызмет.

Педагогтің инновациялық қызметінің айрықша белгілері:

- мақсаттар мен міндеттерді қоюдың жаңалығы;
- терең мазмұндылық;
- педагогикалық міндеттерді шешудің бұрыннан белгілі және жаңа әдістерін қолданудың бірегейлігі;
- білім беру процесін ізгілендірудің және дараландырудың негізінде жаңа тұжырымдамалар, қызметтің мазмұнын, педагогикалық технологияларды әзірлеу;
- өзін саналы түрде өзгерте әрі дамыта алу, кәсіпке өз үлесін қосу.

Инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін педагогтер мынадай топтарға біріге алады:

- белгілі бір тақырып немесе қызмет бағыты бойынша әдістемелік бірлестіктер;

- әртүрлі бағыттағы педагогтер білім беру процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша белгілі бір міндеттер үшін бірігетін проблемалы (шығармашылық) топтар;
- білім беру процесінің жекелеген әдістемелік аспектілерін әзірлеуші топтар;
- балаларды оқыту мен тәрбиелеуде белгілі бір жас ерекшелігі кезеңіндегі міндеттерді шешетін топтар.

Инновациялық қызметтің басты мақсаты – педагогті шығармашыл тұлға ретінде дамыту, оның қызметтің репродуктивті түрінен әдістемелік шешімдерді өз бетінше іздеуіне көшуі, педагогтің инновациялық әдістемелерді әзірлеушіге және оның авторына, оны оқытудың, дамытудың және тәрбиелеудің құралдарын іске асырушыға айналуы.

Инновациялық қызметке жетекшілік ету әртүрлі нысандарда жүзеге асырылады. Жетекшілік етудің басты қағидаты педагогтің білім беру (педагогикалық оқу, консультациялар, семинарлар және т.б.), сол сияқты материалдық (қосымша ақы төлеу нысандары, сыйлықақылар және т.б.) әртүрлі құралдармен қолдауы болып табылады. Ең маңызды тұстардың бірі педагогтер арасында жеке педагогикалық қызметке қатысты түсінік процесін тарату болып табылады.

Кез келген инновацияда нақты педагогтің инновациялық педагогикалық қызметінің болуы көзделеді. Тиісінше, педагогикалық шығармашылық үшін, оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдістерін жетілдіру үшін жағдайлар туғызу қажет, мазмұнды іріктеуде жан-жақты болуды қамтамасыз ету.

Нысаналы саладағы педагог маман ретінде, тәрбиелеуші педагог ретінде, зерттеуші педагог ретінде, жаңашыл педагог ретінде — педагогтің үздіксіз кәсіптік дамуының процесін тиімді қамтамасыз ету үшін мына негізгі екі фактор қажет:

1) педагогтің инновациялық қызметке психологиялық дайындығы, зерттеулер көрсеткендей, рефлексі-талдамалық дағдылар мен біліктердің және әрекеттік-практикалық тәртіптің ерекше тобы;

2) кәсіптік білім берудің барлық нысандарын қайта бағдарлау, педагогті кәсіпқой-педагог ретінде үздіксіз кәсіптік өсуге ұмтылуда қолдау. Инновациялық қызметпен айналыса отырып, инновациялық белсенділігін дамыта отырып, маңызды, жаңа, көңіл аударарлық дүние жасай отырып, педагог өзі де өседі.

Осыған байланысты педагогтің инновациялық қызметке дайындығының қалыптасуы оның кәсіптік дамуының маңызды шарты болып табылады.

Педагогтің инновациялық қызметі:

1) педагогтің осы қызметке деген жеке дайындығының деңгейін, жеке педагогикалық қызметін жетілдірудің бағыттылығын айқындайтын оның қасиеттерінің жиынтығын:

жекебасты (жұмысқа қабілеттілік, шығармашылыққа дайын болу, жоғары эмоциялық мәртебе);

арнайы (жаңа технологияларды білу, оқытудың жаңа әдістерін игеру, кемшіліктерді талдай білу және себептерін анықтай білу, білім берудің өзекті проблемаларын табу және оларды шешудің тиімді тәсілдерін іске асыру).

2) Балаларға қосымша білім берудің нақты ұйымында болатын шарттар:

- қаржылық қызығушылық: қосымша ақылар, сыйлықақылар;
- қолайлы рухани-психологиялық микроклимат және шығармашылық атмосфера;
- инновациялық технологиялар туралы ақпарат алуға көмектесу;
- ұйым әкімшілігінің педагогтің білім алушылармен және әріптестерімен ынтымақтастық қатынасына жәрдемдесуі;
- барынша маңызды ынталандыруларды олардың өзара байланыстылығына сәйкес және кедергілерді есепке ала отырып, дұрыс іріктеп алуды қамтуы тиіс.

Қосымша білім беру педагогінің инновациялары мынадай түрде берілуі мүмкін:

- мүлдем жаңа (бұл салада аналогтар мен прототиптердің болмауы),
- жартылай жаңа (қолданыстағы практикаға кейбір өзгертулерді енгізу).

Педагогтің инновациялық идеяларының қайнар көзі мыналар болуы мүмкін:

- педагогтің өзі үшін күтпеген оқиға (жетістік, сәтсіздік, қызметті дамытуға итермелеу);
- әртүрлі сәйкессіздіктер (балалардың мінез-құлықтарының, талаптарының, тілектерінің шынайы себептері мен педагогтің практикалық іс-қимылының арасындағы);
- педагогикалық процестің қажеттіліктері (әдістемедегі әлсіз тұстар, жаңа идеяларды іздестіру);
- балалардың құндылықтары мен көзқарастарындағы өзгерістер (қарым-қатынастың және кәсіби мінез-құлықтың жаңа нысандарына алып келеді) және т.б.

Қосымша білім беретін педагогтің инновациялық қызметінің мазмұны:

1. Білім беру процесіне жаңа әдістерді, әдістемелерді, құралдарды, технологияларды енгізу, пайдалану.
2. Қосымша білім берудің авторлық білім беру оқу бағдарламаларын, әдістемелерін, технологияларын, жобаларын, әдістемелік өнімдерін әзірлеу.
3. Инновациялық нысандарда оқу сабақтарын өткізу.
4. Өңірлік деңгейде мастер-кластар өткізу.
5. Жобалау-зерттеу немесе тәжірибелік-экспериментті қызметке қатысу.

Педагог инновациялық қызметті іске аруға қалай мәлімдеме жасай алуы мүмкін. Педагогтің іс-қимылының белгілі бір алгоритмі болады.

Педагогтің ұйымдастыру және инновациялық қызметті жүргізу тәртібі мыналарды болжайды:

- білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып және педагогтің өз бетімен білім алу тақырыбына сәцкес инновациялық қызмет **тақырыптарын таңдау**;
- инновациялық қызметтің **ақпараттық картасын толтыру** (қосымша);
- педагог мәлімдеген инновацияны **старттық сараптамалық бағалау**;

- инновациялық қызмет **жобасын (бағдарламаны, жоспарды) әзірлеу:** зерттеудің мақсаты, міндеттер, мәні, жаңалықтар, іс-жүзіндегі маңыздылығы, өзектілігі, бағалау критерийлері, бақылау нысаны және диагностика, жұмыстың негізгі кезеңдері, ұзақтығы, болжанатын нәтижесі. Өзінің авторлық бағдарламасымен жұмыс істегісі келген педагог бағдарламаның сыртқы сараптамасы туралы құжат ұсынады;

- **инновациялық қызметті жүзеге асыру** (инновациялық жобаны (бағдарламаны) іске асыру);

- **инновацияны іске асыру туралы есеп.**

Инновациялық қызметтің барысымен, тәсілдерімен және нәтижелерімен танысудың әртүрлі нысандары қарастырылады:

- шығармашылық есептер" инновациялық қызметтің жалпы нәтижелілігін бағалауға, ұжым, білім алушылар, олардың ата-аналары өміріне инновация алып келетін айырмашылықтарды көруге мүмкіндік береді;

- іс-шараларды ашу педагогтің шығармашылық қызметімен тікелей танысуға мүмкіндік береді;

- әдістемелік көрмелер ұжым педагогтерінің жаңа әзірлемелермен танысуға мүмкіндік береді, қандай да бір инновацияны игеруші педагогтер пайдалана алатын материалдар ұсынады;

- тақырыптық консультация басқа мүдделі педагогтерге әртүрлі инновациялар бойынша қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді;

- проблемалық семинарлар инновацияны игеру процесінде барынша терең теоретикалық дайындықтың қажеттігін сезінгендерге қызығушылықтар ұсынады;

- инновацияны іске асыратын педагогтің сабағына еркін қатысу;

- **инновацияны енгізу** (инновациялық жолмен жасалған тәжірибені, жаңа практикаларды тарату).

Инновациялық қызметтер бойынша материалдар әдістемелік қызметте сақталады: өтінім, бағдарламалар, диагностика өнімдері, бақылау нәтижелері, талдаулар, есептер.

Бүгінгі таңда инновациялық процестер адам қызметінің барлық дерлік салаларында іске асырылуда. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында жаңалықтар енгізу өте маңызды және бір ұйымның басқа ұйымнан айырмашылығын көрсететін шығармашылық қызметтің қажетті тетіктері болып табылады. Сондықтан республикада қосымша білім беру педагогтері қызметінің бағыттарының бірі балалар мен олардың ата-аналары үшін сапалы жаңа нәтижелерге қол жеткізуге және барынша тартымды және қажетті болуға мүмкіндік беретін құрамдауыштарды игеру процесі ретінде нәтижелі инновациялық қызмет болып табылады.

Республиканың қосымша білім беру педагогтерінің инновациялық қызметі (жұмыс тәжірибесінен):

Баймұханова Әлия Өтегенқызы – Атырау қаласы Жас натуралистер станциясының қосымша білім беру педагогі.

Инновациялық жобаның тақырыбы *«Өңірлік ерекшеліктері ескере отырып оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру».*

Әлия Өтегенқызыя — Каспий теңізі жағалауы мен Орал өзенінің атырауының ерекше қорғалатын биоәртүрлілікті зерделеу және сақтау проблемаларын оқытумен айналысатын жаңашыл педагог. Осы өзекті мәселенің шешілуіне «Орал өзенінің атырауында парк» жобасы бойынша Болон университетінің (Италия) ғылыми қызметкерлерімен бірлесіп «Басым жаһандық мәнге ие сулы-шалшықты жер-суларды құстар келетін жер ретінде кешенді сақтау – үш жобалық аумақта: Каспий теңізінің жағалауына іргелес жатқан Орал өзенінің атырауында, Көлдердің Теңіз-Қорғалжын жүйесінде, Өзендердің Алакөл-Сасықкөл жүйесі аумақтаныда таныстырылым» жобасы бойынша Қазақстанда БҰҰ бағдарламасының ГЭФ-пен жұмысы арналды «Басым жаһандық маңызы бар су-шалшық жайылымдарды көшіп-қонатын құстардың мекендейтін орны ретінде кешенді сақтау — үш жобалау аумақтарында көрсету: Каспий теңізінің жағалауында іргелес жатқан Орал өзенінің атырауы; Теңіз Қорғалжын өзендер жүйесі; Алакөл-Сасықкөл өзендер жүйесі». Педагог осы аумақта жақын орналасқан мектеп оқушыларымен және мұғалімдермен тығыз жұмыс істейді.

Инновациялық жоба негізінде экологиялық мәдениетті, жан-жақты құзыретті, әлеуметтендірілген тұлға, заманауи қоғамға жеңіл бейімделуге қабілетті жетекші сапа ретінде белсенді өмір сүру ұстанымын қалыптастыруға А.Ө. Баймұханованың қызметтік тәсілі негіз болып отыр.

Баймұханова Әлия Өтегеновна жалпы білім беретін мектептің 6-8 сыныптар оқушыларымен Орал теңізі атырауы және Каспий теңізінің жағасына жақын орналасқан су-шалшықты жайылымдарын және Каспий теңізіне іргелес жатқандар жерлерді сақтау бойынша «Экология» курсының білім беру оқу бағдарламасын әзірледі.

Атырау қаласының облысының пилоттық мектептерінде мұнай компанияларының көмегімен «Экология» факультативті курсы белсенді енгізілуде.

Қазіргі уақытта бірегей аумақ бойынша экологиялық туризмнің схема-картасы құрылды. Үш: Табиғат әлемі, Су әлемі, Дала әлемі экологиялық маршрут айқындалды.

Болашақта Визит-орталығы салынатын болады және АЛМА-Матерқорымен Болон университетінің (Италия) ғылыми қызметкерлері парк құрды.

Өзінің туған өлкесі туралы ерекше және терең білім ала отырып табиғатқа деген тұтынушылығын жеңе алады, өсіп келе жатқан ұрпақта экологиялық мәдениет пен тиісті құндылық бағдар қалыптасады.

Дурманова Татьяна Андреевна – Батыс Қазақстан облысы Зелен білім беру бөлімінің Балалар-жастар туризмі қосымша білім беру орталығының педагогі.

Инновациялық жобаның тақырыбы *«Ауылдық жерлерде оқушыларды табысты әлеуметтендірудің табысты мамандандудың шарты ретінде негізгі білім берумен қосымша білім беру негіздерін енгізу»*.

Педагог өз жұмысының негізіне Жаһандық зерттеу және Батыс Қазақстан облысы Зелен ауданының табиғатын зерделеуді әзірлеп және енгізе отырып

туған өлкесінің табиғатын зерделеу бойынша жобалау-зерттеу әдісін негізге алды.

Білім алушылардың зертеу жұмыстары ғылымилығы мен практикалығы жағынан терең мазмұнымен ерекшеленеді. Педагогтің басшылығымен білім алушылар «Тірі энергия», «Болашақ мектебі», «Энергияның балама көздері», «Орал маңындағы шағын өзендер» жобаларын іске асырады. Мектеп алаңында жеңілдетілген конструкциясы бар жылыжай салынған «Бизнес жоабалар» республикалық конкурсының лауреаты болған «Жеңілдетілген конструкциялы мектеп жылыжайы» жобасы ерекше мақтанышы болады, мұнда қазіргі уақытта эксперименттік жұмыстар жүргізіледі.

2012-2013 жылдары «Экологиялық-биологиялық зерттеу кешенін құру» инновациялық жоба әзірленді және іске асырылды.

Педагог қызметінің мұндай құрылымы туған жердің материалдарын пайдалана отырып білім алушылардың танымдық және ғылыми-зерттеу қызметін өзектілендіретін экологиялық білім берудің перспективалы бағыты болып табылады. Білім алушылар пәрменділікті игерудің әмбебап тәсілі ретінде зерттеудің функционалдық дағдыларын меңгереді, ойлаудың зерттеу типіне қабілеттері дамиды, күнделікті өмірде, еңбекте алған білімдерін пайдалану туралы көптеген практикалық мәлемттерге ие болады, ауылдық жерлерде мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін дамытады, бұл ерекше маңызды.

Осылайша, жалпы білім беретін орта мектептер мен қосымша білім беру ұйымдары облыстың бірыңғай әлеуметтік мәдени және білім беру кеңістігінде білім беру жолын дараландыратын тұтас әртүрлі деңгейдегі жүйені құруы тиіс.

Махмутова Любовь Леонидовна – Қарағанды қаласы Балалар мен жасөспірімдер сарайының қосымша білім беру педагогі, жоғары біліктілік санаты бар.

Инновациялық жобаның тақырыбы: «Қосымша білім беру жүйесінде жоғары сыныптардың өзін-өзі кәсіби айқындауы үшін инновациялық білім беру ортасын қалыптастыру»

Тұлғаны дамыту мақсатына қол жеткізу үшін Любовь Леонидовна проблемалық-іздістіру арқылы (проблемалы жағдайлар жасау, болжамдарды жылжыту, дәлелдерді іздеу, тұжырымдар қалыптастыру, нәтижелерді салыстыру және т.б.) оқытуды баланың ынтасын тұрақты ояту және шығармашылық бастамасын қолдау негізінде құрады. Мұндай тәсілде оқытудың табиғи уәжі туындайды, баланың тұрақты міндетті түсіну қабілеті, тәжірибелік, эксперименттік қызметті жоспарлау, олардың нәтижелерін бақылау және бағалау дамиды.

Проблемалық – іздістіру тәсілі білім алушылардың психологиялық жастық ерекшеліктерін, олардың дара ерекшеліктерін, мүдделері мен бейімділігін ескеруге мүмкіндік береді, танымдық белсенділігін және білім алушылардың дербестілігін мақсатты дамыта отырып сабақта әдістер арсеналын және эвристикалық сипаттағы тәсілдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялардың – жергілікті және жаһандық электрондық желілердің, оқытудың мультимедиялық құралдарын, қарқынды тұрмыстық компьютерленудің дамуымен байланысты, Любовь Леонидовна оқудың – қашықтықтан оқытудың басқа нысанын енгізеді және белсенді дамытады.

«Фитодизайн негіздерімен декоративті гүл өсіру шаруашылығы» қосымша білім берудің оқу бағдарламасы бойынша қашықтықтан оқыту курсы Қарағанды қаласының оқушылары арасында табысты сынақтан өтті (тіркелген оқушылардың 70%-дан астамы).

Оспанова Светлана Сагидоллаевна – Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының «Облыстық балалар биологиялық орталығы» ҚМҚК қосымша білім беру педагогі, директордың оқу-тәрбиелеу жөніндегі орынбасары.

Инновациялық жобаның тақырыбы: *«Жобалау әдістемесін, сыни ойлау және ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдалана отырып балалардың негізгі және қосымша білімін кіріктіру арқылы танымдық қызметті ұйымдастыру».*

Жобаның жетекші идеясы негізгі және қосымша білім беруді кіріктіру, жаңа білімдерді барынша толық игеруге ықпал ететін жаңа ойлау нысандарын дамыту және қалыптастыру болып табылады, оқушыларға өз білімдерін жоғары деңгейдегі айқынсыздық жағдайларында мағынасын толтыру үшін өз білімдерін пайдалануға мүмкіндік береді, адами қызметтің жаңа үлгілері үшін базалар құрады.

Жобаның тұжырымдамалық ұстанымы жетістік педагогикасына, оқушыларға өзін-өзі дамытуды ұйымдастыруда бастамалар беруге, зерттеу, жобалау жұмыстарына акцент жасауға; оқу жұмысының ұйымдастыру нысанын қайта қарауға; оқушылардың дербес жеке және топпен жұмысын ұлғайтуға, маңызды тұлғалық функциялар болуы және дамуы үшін мүмкіндіктерді, таңдау қабілетін қамтамасыз етуге, өз іс-әрекеттерін бағалауды, тұлғаның жауапкершілігі мен дербестілігін бағалауды қамтамасыз етуге бағдарланған.

Светлана Сагидоллаевна қызметтің осы бағытында: әрбір бала – тұлға, барлық балалар талантты; әрбір балаға зерттеулер мен эксперименттерге тарту қажет деген қағидатты ұстанады.

Светлана Сагидоллаевна қалыптастырған инновациялық тәжірибе балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыруды жаңартуда, тұлғалық бағдарланған білім беру процесін іске асыруда, бейінді оқытуда маңызы зор.

Заманауи кезеңде балаларға қосымша білім беру жалпы білімнің құрамды бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Балаларға негізгі және қосымша білім беруді біріктіру тәрбиелеу, оқыту және дамыту процестерін жақындатады, бұл заманауи педагогикада барынша күрделі проблемалардың бірі болып табылады.

Вологин Николай Васильевич – Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Жас туристер станциясының жоғары санаттағы қосымша білім беретін педагогы, Мәскеу Халықаралық туризм және өлкетану академиясының профессоры, Қазақстан Республикасы білім беру үздігі.

Инвестициялық жобаның тақырыбы: *«Туристік-өлкетану және экологиялық натуралистік жұмыс құралдарымен оқушы тұлғасын социализациялау»*

Туристік-өлкетану және экологиялық натуралистік қызмет жүйесі арқылы Н.В. Вологин оқушылардың бойында коммуникативтік сапаны, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырады.

Педагог өз жұмысында экология, география, биология, валеология, экономика және т.б. бойынша интеграцияланған курстар мүмкіндігін белсенді пайдаланады.

Бұл жобаның практикалық мәні табиғатты тиімді пайдалануға ғана емес, әлемдегі экологиялық жағдайлар эволюциясы кезінде қоршаған ортада қалыпты өмір сүруге қабілетті үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыруды білдіреді.

Дәуітәлиев Серік Адайұлы – директор, Алматы облысы, Талдықорған қаласындағы Жас техниктер станциясының жоғары санаттағы қосымша білім беретін педагогі.

Инвестициялық жобаның тақырыбы: *«Жалпы және қосымша білімді интеграциялау жағдайларында балалардың техникалық шығармашылығы мен зерттеу қызметін дамыту».*

Жас техниктер станциясында білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл бағыттары айқындалды:

➤ станцияның балаларға ғылыми-техникалық бағыттар бойынша қосымша білім беретін тірек ұйымы ретіндегі қызметі, ол ақпараттық-әдістемелік және ұйымдық көмек беруді, педагог қызметкерлерінің біліктіліктері мен кәсіби шеберліктерін көтеруді; жұмыс тәжірибесімен алмасуды; техникалық шығармашылық бойынша бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыруды, конкурстар өткізуге көмектесуді және т.б. қарастырады;

➤ интеграцияланған нысаналы бағдарламалар мен зерттеу жобаларын құру және іске асыру;

➤ бейін алдындағы және бейіндік даярлық.

Дәуітәлиев Серік Адайұлы қалыптасқан дарынды мектеп оқушыларын қолдау жүйесін құрды, әрбір баланың қабілетінің туындауы мен дамуы, дарынды балалардың жетістіктерін анықтау және ынталандыру үшін қалыпты орта жасады.

Жүйе осы қызметтің тартымдылығының жарқын нысандары мен әдістерін пайдалана келе оқушыларды олардың ортақ және жеке жетістіктерін көрсететін зерттеу қызметіне белсенді түрде тарта отырып, станция қызметтерінің бағыттарына сәйкес құрылған. Жетекші технология – ол әлеуметтік құрылғыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін ұжымдық шығармашылық іс (ҰШ) технологиясы болып табылады.

Дәуітәлиев жетекшілік жасайтын «Ғарыштық макеттеу және үлгілеу» үйірмесінің ғылыми-техникалық бағыты ғылым салаларының теориялық салалары тереңірек игеруді, техникалық білімді дербес зерттеу, конструкторлық, шығармашылық және еңбек қызметтерінде практикалық қолдану дағдысын дамытуды көздейді.

Огилько Галина Михайловна – Аршалы балалар шығармашылығы орталығының қосымша білім беретін педагогі.

Инвестициялық жобаның тақырыбы: *«Сәндік-қолданбалы өнер арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту».*

Өзінің педагогикалық қызметінің мәнін Галина Михайловна балаларды шығармашылыққа, бабалардың мәдени мұрасын зерделеуге және сақтауға тарта білу деп біледі. Галина Михайловна те «әрбір бала дарынды, бірақ өз алдына жеке дарынды» екеніне сенімді, сондықтан да шығармашыл, ойлау, жұмыс істеу, заманауи әлемде қажетті бола білу қабілеті жоғары тұлғаны қалыптастыруға ұмтылады. Оның сабақтары әрбір бала бірегей қарым-қатынастар әлеміне ене алатындай, табысқа, өзін-өзі жетілдіруге ұмтыла алатындай болып құрылған. Бұл ретте, ол бірнеше маңызды кезеңдерден өтеді: сый, туу, таңдау, жолы болғыштық, бағындыру, сыйлау.

Ол - «Рукотворное чудо дымки», «И оживает глина» сияқты қосымша білім беруді оқыту бағдарламаларының авторы, бұл бағдарламалар «Казахский сувенир», «Народная игрушка» шеберханалары арқылы таратылады.

Бағдарламаны меңгеру «Қалыптаймыз, қиялдаймыз, жасаймыз, ойнаймыз» қағидаты бойынша құрылған. Бағдарлама баланы керемет шығармашылық әлеміне жетелейді, өзіне деген сенімін, өз қабілетін арттыруға мүмкіндік береді, оқитындардың бойынша бейнелеу, көркемдік-конструкторлық қабілеттерді, стандартты емес ойлау қабілетін дамытуды, шығармашылық дербестігін дамытуды көздейді.

Үйірме сабақтарында балалардың бойында бұл әлемге жақсылық, әдемілік жасау үшін, адамдарға қуаныш сыйлау үшін келдік деген сенімді қалыптастырады. Көрнекі материалдарды, көркем сөзді, сазды әуенді пайдалану – осының бәрі Галина Михайловнаға балаларды ерекше өнер әлеміне баулуда, көркемсурет мәдениетіне ден қоюларында қолдана білуге көмектеседі.

Гамастинов Салихжан Галимжанович – Ақмола облысының Степногорск қаласындағы Балалар шығармашылығы үйінде «Гвардеец» әскери-спорттық клубының қосымша білім беретін педагогі.

Салихжан Галимжанович Ауған соғысының ардагері, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласының Құрметті қызметкері (2004), «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері.

Инвестициялық жобаның тақырыбы: *«Өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында отансүйгішілікті, Отанына адал қызмет етуге және оны қорғауға даярлықты қалыптастыру».*

«Гвардеец» әскери-спорт клубының баланың жан-жақты, тұтас және үйлесімді түрде дербес дамуының негізгі мақсатына бағынатын жетекші тұжырымдамалық идеясы оны салауатты өмір салтына, Отанын қорғауға даярлыққа, Қазақстандық патриоттыққа, ізгілікке тарту және жалпы адами құндылықтар идеяларының негізінде жеке басының қасиеттерін қалыптастыру арқылы оның белсенді өмірлік ұстанымы үшін жағдайлар жасауға ұмтылу болып табылады.

«Гвардеец» клубының осы мақсаты біртіндеп психофизиологиялық жай-күйінің қалыптасуына негізделеді. Өз мәніндегі үйлесімдік – бұл әрбір жеке тұлғаның күш-қуаты мен психологиялық процестерінің тепе-теңдігі.

Клуб басшысы Гамастинов Салихжа Галимжанович жаттығушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды, болжамды нәтижелер мен бақылау және тексеру қасиеттерін айқындайды, бұл негізінен бағдарламаның сипатын, оны іске асыру мүмкіндіктерін көрсетеді.

«Гвардеец» әскери-спорттық клубының бағдарламасы жасөспірімдердің Қарулы Күштерде қызмет атқаруларына, Отанын қорғау жөніндегі конституциялық борышын орындауларына, жоғары сынып оқушыларын әскери-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған. Курсты зерделеу барысында олар әскери қызметке бейімделе білу дағдысын, әдістерін үйренеді, әскери мүлікті қолдануды үйренеді, құқықтық бағаны меңгереді.

Іске асыру тетіктері: оқу-жаттығу сабақтары; спорттық-лагерлік жиындар; жарыстарға қатысу; өнер көрсету; әскери-спорт ойындары; білім беру ұйымдарымен және қоғамдық бірлестіктермен бірлескен іс-шаралар; ата-аналар комитетімен жұмыс істеу.

Теориялық білімді нығайту және қажетті практикалық дағдылар алу үшін бағдарлама курсына әскери бөлімшелер базасында жастармен оқу-жиындары түрінде практикалық сабақтар өткізу қарастырылған.

5. Оқитындардың қабілетін дамытуды және білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін инновациялық білім беру ортасын құру

Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық қызмет барлық білім беру ұйымдарының білім беру қызметінің маңызды құрамдауыштарының бірі болып табылады. Осы инновациялық қызмет қана білім беру қызметтері нарығында қандай да бір ұйымның бәсекеге қабілеттілігін құру үшін негіз жасап қана қоймай, педагогтің кәсіби өсу бағыттарын да, оның шығармашылық ізденісін де айқындайды, білім алушының тұлға ретінде өсуіне нақты ықпал етеді.

2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру міндеттерін шешу білімнің сапасын, қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында балаларға қосымша білім беру жүйесінің әлеуетін пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуды Мемлекет басшысы басым міндет етіп қойды. 2012-2016 жылдарға арналған функционалдық сауаттылықты дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары әзірленді. Бағдарламаның шеңберінде республиканың қосымша білім беру ұйымдарында балалар үшін алты инновациялық интерактивті парк ашу қарастырылған.

Шығармашылық орталықтарын, балалардың экологиялық-биологиялық орталықтарын, жоғары технологиялы кешендермен, жылыжайлармен жарақтандыру мектеп оқушыларының шығармашылық және инновациялық қызметке қызығушылығын дамыту үшін қосымша ынталандыру шаралары болып табылады. Осындай кешендер құрудың басты идеясы жас

қазақстандықтардың шығармашылық және ғылыми-білім алу әлеуеттерін дамыту болып табылады.

Оқушыларға қосымша білім беруді мамандар, кәсіби мамандар, өз ісінің шеберлері жүзеге асырады, ол оның жан-жақты дамуын, тартымдылығын, бірегейлілігін, негізінен – практикалық-бағдарлы білім беру ретінде нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Инновациялық бағыттар, оның ішінде балаларға қосымша білім берудің инновациялық тәсілдерін, балаларға қосымша білім беретін жаңа үлгі ұйымдар базасында барынша тиімді жүзеге асыру болып табылатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Астана қаласындағы Оқушылар сарайы осындай ұйым болып табылады, онда балалардың ғылым қалашығының философия базасында қосымша білім беруді өткізудің заманауи әлемдік тәжірибесі іске асырылады.

Астана қаласындағы жаңа Оқушылар сарай - бұл Астана және республика балалары үшін қосымша білім беретін бірегей ұйым болып табылады. Әрбір бала Сарайға келгенде, өз ойын іс жүзіне асырады, жаңалықтарды және қызықты оқиғаларды танып-біледі, мектеп оқушысының Қазақстан Республикасының азаматы, патриоты ретінде, кәсіби, зияткерлік және әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті болашақ маманы ретінде оның қалыптасуы, дамуы және өзін-өзі дамытуы үшін барлық жағдайлар жасалған.

Креативті, жоғары технологиялы және инновациялық шараларды ұсына алатын Оқушылар сарайы балалар мен ата-аналардың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді, баланың дамуына және ойлау қабілетінің қалыптасуына - өзіне және өз Отанына пайда келтіре алатын дамыған адамдардың ойлау қабілетінің, жас зияткерлердің және бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғалардың дамуына ықпал етеді.

Оқушылар сарайында 14 әр түрлі бағыттағы 137 үйірме мен секция жұмыс істейді, оларға 10 000 астам бала қамтылған.

Сарайда балалар бірлестіктерінің жұмыс жасауы үшін зертханалар, оқу кабинеттері, 3D-технологияларын қолдана отырып панорамалық салалы және планетарлы проекциялары бар Планетарий, Обсерватория, 300 орындық көп функциялы Концерт залы, Интернат орталығы, медицина орталығы, Қысқы бақ, 264 орынды форумдар, пікірсайыстар, диспуттар өткізу залы, балалардың драма театры, жеңіл атлетика және баскетбол залдары, күреспен және тенниспен жаттығу залдары, халықтық, спорттық-би және заманауи билер залдары, қазақ халық аспаптары оркестрі үшін орын-жай, хор студиялары, көркемөнер галереясы, мұз айдыны және жүзу бассейні бар.

Оқушылар сарайы қызметінің негізгі мәні балаларға қосымша білім беру: математика, химия, биология, экология, биотехнология, гендік инженерия, физика, астрономия, аэрокосмонавтика, информатика, бағдарламалау, нанотехнология және жаңа ақпараттық технологиялар ғылымдарының негізгі бағыттары; **техникалық шығармашылық** – радиоэлектроника, робот техникалары, әуе- және ракетомодельдеу, ғарыштық модельдеу, кеме моделдеу, авто модельдеу; **лингвистика** – қазақ, орыс, ағылшын, француз, түрік және қытай тілдерін үйрену; **білім алушыларға көркем-эстетикалық білім беру** – сурет өнері, декоративті-қолданбалы өнер, заманауи дизайн, мүсін және керамика, ағаш кесу, құрастыру және киім

модельдеу, актерлік шеберлік, шешендік өнер, қазақ ұлттық музыкалық өнер, ұлттық аспаптар оркестрі, вокал, хореография; **дене шынықтыру** – хоккей, мәнерлеп сырғанау, жүзу, көркем гимнастика, каратэ, годзюрю каратэ-до, қазақша күрес, таэквон-до, дзю-до, тоғызқұмалақ, шахмат, жеңіл атлетика, үлкен теннис, баскетбол, волейбол, футбол, грек-римдік күрес және басқа да спорттық үйірмелер бойынша зияткерлік білім беру.

Оқушылар сарайында зияткерлік, өнер және спорттың шығармашылық өзара байланысы нәтижеге бағдарланған білім ретінде аталатын жемісті қорытынды береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Тапсырмасын іске асыру үшін, Астана қаласы «Оқушылар сарайы» МКҚК-да жас қазақстандықтардың **балалар мен жасөспірімдерге арналған Ұлттық Интерактивті Паркі құрылды**, онда ғылымның, техниканың, спорт пен өнердің барлық бағыттары бойынша интерактивті стендтер мен экспонаттар кешені ұсынылған. Бастапқы кезеңде парктің 1400 шаршы метрді құрады.

Ұлттық Интерактивті Парктің **негізгі мақсаты**: тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті және перспективалы қажеттіліктеріне сәйкестігі, республика азаматын жан-жақты дамыған, қоғамда, еңбек қызметін бастағанда, өзін-өзі ұйымдастыруда және өзін-өзі жетілдіруде әлеуметтік бейімделуге қабілетті тұлға ретінде дайындау.

Ұлттық Интерактивті Парк міндеттері:

- интерактивті технологиялардың арнайы құралдарының көмегімен белсенді оқытуды дамыту: тренажерлер, интерактивті міндеттер, объектілерден жүйелерді құрастыру, олардың қасиеттерін зерттеу және виртуалды зертханалық жұмыстар моделіне келтіру;

- интерактивті технологияларды қолдануды практикалық негізде білім беру процесін құрастыруға мүмкіндік беретін шығармашылық оқытудың тәсілі ретінде кеңінен танымал ету.

Заманауи ғылыми зертханалармен, спорттық жабдықтармен және интерактивті экспозициялармен **жарақтандырылған, Ұлттық Интерактивті Парк** (бұдан әрі - ҰИП) келушілерге зерттеулер мен белсенді-танымдық қызмет үшін мүмкіндіктер бере отырып олардың білуге құштарлығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ол оқушылар да, студенттер де және балалары бар отбасыларда келетін орын болып табылады, онда ерекше экспонаттармен-интерактивті білім беру аттракциондармен өзара іс-қимыл барысында табиғаттан заңдарымен және қағидааттарымен танысады.

ҰИП технологиялар мен инновация құндылығына және табиғаттану ғылыми біліміне халық көзқарасының ортақ сезімін қалыптастыру үшін маңызды катализатор болды.

Негізгі тақырыптар және аймақтарға бөлу.

ҰИП-ға көрмелер бөліктерін мазмұндық толтыру қазірдің өзінде бар зертханалардың, үйірмелердің және секциялардың тақырыптары мен орналасуына негізделген.

Ұлттық интерактивті парк үш шешуші кластерден тұрады:

1. Ғылым және технология.
2. Спорт және денсаулық.

3. Өнер, би және музыка.

Осы тақырыптар интерактивті экспозицияның кейбір бөліктеріне арналған кіші бөлімдерге бөлінген.

ҰИП құру бойынша жобаның құрылымы 4 бағыттан тұрады:

- Ғылыми экспонаттар мен стендтер кешені;
- Білімді көрнекілендіру;
- Ғылым мен өнеркәсіп мұражайы;
- Wiki білімдер банкі.

ҰИП ғылыми және білім беру құрамдауыштары Қазақстан Республикасындағы ғылыми әлеуетті ескере отырып және Астана қаласының ғылыми қоғамдастығымен, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университет мамандары мен ғалымдарымен тығыз ынтымақтастықта әзірленген.

Оқушылар сарайында **146** педагогикалық қызметкерлер жұмыс істейді. Қосымша білім беру педагогтерінің арасында ғалымдар, танымал мамандар, музыканттар, ҚР ғылым, мәдениет және спортының еңбек сіңірген қайраткері аз емес: 6 ғылым докторы, профессор; 5 Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Ғарыш орталығының, Ұлттық Өнер Университетінің, Астана қаласындағы Медициналық Университетінің ғылым кандидаттары, Ресей Федерациясы Суретшілер шығармашылық одағы мен Халықаралық суретшілер қауымдастығының 2 мүшесі; Қазақстан Республикасы Суретшілері одағының 5 мүшесі, 4 Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, спорттың әртүрлері бойынша 9 чемпион, 12 спорт шебері.

Астана қаласының Оқушылар сарайы экспериментальды педагогикалық жүйе болып табылады, онда бейінді жоғары оқу орындары мен кәсіпорындарға қойылатын талаптарды ескере отырып қосымша білім берудің жаңа білім беру оқу бағдарламаларын, қосымша және базалық білім берудің заманауи технологиялар мен әдістерін әзірлеу, зерттеу және тексеру жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Оқушылар сарайында 11 нысаналы бағдарламалар-жобалар іске асырылады, 10 авторлық, 10 экспериментальды, 80 қосымша білім берудің модификацияланған білім берудің оқу бағдарламасы.

ҰИП экспонаттарын бағдарламалық қамтамасыз ету білім алушыларға оқу тәртібінің виртуальды объектілерімен белсенді өзара іс-қимыл жасауға, модельдерді басқаруға, олардаң жүйелер құрастыруға, компьютерлік модельдерге тәжірибелер жүргізуге, шығармашылық процесте білім алатындай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде бірінші ашылуы бар. Химия зертханасында ғылыми үйірмелердегі білім алушылар қазақстан даласының шөптерінен иістерді білді.

«NextBio» ғылыми-зерттеу үйірмесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің «Ұлттық биотехнологиялар» республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен құрылған.

Үйірменің мақсаты: жаратылыстану ғылымдарында балалардың ғылыми және практикалық қызметін дамыту үшін жағдайлар жасау, олардың ерекше қабілеттерін дамыту және оларды биология, биомедицина және биотехнология саласындағы болашақ ғалымдар ретінде қалыптасуына көмектесу.

Білім алушыларды оқыту процесінде анатомия және өсімдік физиологиясы, микробиология және биотехнология бойынша қосымша білім алады, зерттеу жұмыстарының орындаудың негізгі кезеңдерін таниды. Білім алушылар **молекулярлы-генетикалық** (ДНК шығару, ПЦР қою, ДНК фрагменттерін электрофоретикалық есепке алу, нуклеотидті кезектілікті, кариотипті айқындау); **биотехнологиялық** (микрклональды көбею, қышқыл сүтті сусындарды және т.б. ферментация); **микробиологиялық** (бактерияларды, көміртегінің ферментациясын зерттеу микроскопиялық зерттеу, бактерияларды зерттеу, өсімдіктің анатомиялық ерекшеліктерін көміртегі ферментациясы және т.б.); **биологиялық** (Өсімдіктің физиологиялық және анатомиялық ерекшеліктерін зерделеу).

Балаларға қосымша білім беру – бұл «жақыннан дамыту аймағы» баланың тұлғасын өзінің қалаулары, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінің көмегімен өзі немесе үлкендердің көмегімен таңдайды.

Астана қаласында қосымша білім беру жүйесі салааралық және инновациялық негізде дамиды және дарынды балаларды қолдау және анықтау гаранттары болады.

Қосымша білім беру сапасы көптеген жағдайларды қосымша білім беру ұйымының қаншалықты жүйелі тұтас жұмыс істейтіндігіне, оның ұйымдастырушылық құрылымының қаншалықты орындылығына, құрылымдық бөлімшелерінің тыныс тіршілігінің тұрақтылығы қалай қамтамасыз етілгеніне байланысты болады.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін дамытудың заманауи үрдістері жағдайында Қарағанды қаласының балалар және жасөспірімдер сарайының педагогикалық ұжымы өз миссияларын маңызды құзыреттілікке ие, азаматтық ұстанымы бар, білім беру ортасын шығармашылық ортаға айналдыруға қабілетті бастамашыл бәсекеге қабілетті бітіруші түлекті дамыту үшін жағдайлар жасауда айқындайды. Балалардың Сарайға келгенде білдіретін сенімі педагогтерді білім беру және тәрбиелеу қызметінде үнемі инновациялық бағытты іздеуін, кәсіби ретінде өсуін, сонымен қатар өзінің дарынды болуын міндеттейді. Балалар және жасөспірімдер сарайы педагогтері педагогтің өзінің тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған «Жетістікті педагог – жетістікті бала!» - деген бағытты ұстанады, себебі шығармашылық әлеует, өз тәжірибесін байыта білу қабілеті, жетілдіруге ұмтылу барлық педагогикалық процестің нәтижелілігінің кепілі болып табылады.

Қоршаған әлеуметтік мәдениет ортамен байланыстың ашықтығы, ізгіліктілігі, өзін-өзі жетілдіруі, мықтылығы – Қарағанды қаласының Балалар және жасөспірімдер сарайының табысты сапалы жұмыс істеуінің, оның жиынтық әлеуметтік әсерін айқындайтын қайталанбас белгілері.

Қазіргі уақытта қарағанды қаласының Балалар және жасөспірімдер сарайында 137 педагогикалық қызметкер жұмыс істейді. Білімінің деңгейі бойынша педагогикалық қызметкерлердің 74%-ның жоғары білімі бар. Біліктілігі деңгейі бойынша педагогикалық қызметкерлердің 52,7%-ның жоғары біліктілік санаты бар. 13 педагогтің ғалым дәрежесі бар, оның ішінде: ғылым докторы – 3 педагог; ғылым кандидаты – 7 педагог; магистр – 3 педагог.

Ұжымның 55,5 %-ын 5 жылдан 20 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер құрайды, бұл дегеніміз оның жұмысқа қабілеттілігінің жеткіліктілігі туралы растайды. Орташа жұмыс өтілі 10-15 жыл. 34 % жас мамандардың болуы педагогикалық ұжымның перспективалылығын білдіреді. Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санынан 33 адам – Сарайдың бітірушілері

2011 жылдан бастап Сарайдың педагогикалық ұжымы «Өңірлік қосымша білім беру ресурстық орталық» моделін әзірлеу және сынақтан өткізу бойынша «Қосымша білім беру жүйесіндегі ресурстық орталық» даму бағдарламасына сәйкес жұмыс істейді.

Даму бағдарламасына салынған негізгі идеялар білім алушылардың әлеуметтендіру деңгейін арттыруға оларды әлемнің өзгеріп отыратын жағдайында тиімді тіршілік етуге дайындауға, білім беру қызметтерінің сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз етуге, өзін-өзі дамытуда, өзін-өзі кәсіби жағынан тануға балалар мен ата-аналардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал ететін өңірдің қосымша білім беру жүйесінің білім беру кеңістігін жетілдіру болып табылады.

Өңірдің қосымша білім беру ұйымдарының жүйесін біріктіретін Өңірлік ресурстық орталығын ұйымдастыру арқылы білім алушылардың қабілетін дамытуды және білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін инновациялық білім беру ортасы құрылады, қосымша, жалпы орта және кәсіби білім беру ұйымдарымен әлеуметтік кеңістік негізінде қосымша білім беру жүзеге асырылады.

Сарай 2014 жылдан бастап Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ академиясының базалық ұйымы (№ 50 куәлік) және облыстық эксперименттік алаңы болып табылады.

Сарайдың әдістемелік қызметі өздерінің педагогикалық тәжірибесін, сондай-ақ облыстың басқа да қосымша білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесін зерделеу және тарату бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Бұл жұмыс конференциялар, семинарлар, курстар мен мастер-кластар шеңберінде жүзеге асырылады.

Сарайдың педагогикалық ұжымы 2011-2013 жылдары кезеңінде «Қосымша білім беру шарттарында мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыстың инновациялық моделі» (2011ж.), «Қосымша білім берудің көп бейінді мекемесі қызметінің заманауи моделі» (2012 ж.), «Кіші мектеп жасындағы және мектепке дейінгі жастағы балалармен оқу-зерттеу жұмысының ерекшеліктері» (2012 ж.) «Жаңғырту шарттарында көркемдік білім берудің өзекті мәселелері» (2013 ж.) тақырыптарына арналған 4 республикалық семинар өткізді. Жыл сайын қосымша білім берудің әртүрлі бағыттары бойынша жиырмадан астам облыстық семинарлар өткізілді.

Мастер-класс барысында Сарай педагогтері белгілі бір тақырыптар бойынша жасалған тәжірибелермен бөлісіп қана қоймай, талқылау барысында өз қызметінің тәуелсіз бағасын алуға және өз әріптестерінің мұндай тәжірибесі туралы білуге мүмкіндігі бар. Ұсынылып отырған кезеңде әртүрлі деңгейде 88 мастер-класс өткізілді: «Педагогикалық жобалау технологиясы» (В.Д. Шкарупин), «Хореографиялық ансамбльде ұлдармен жұмыс істеу

ерекшелеіктері» (Л.М. Дедуренко), «Шығармашылық қызметке ынталандыру арқылы белсенділермен жұмыс» (А.К. Альбазарова), «Мектепке дейінгі жастағы балалармен сурет қызметі сабақтарында графикалық материалмен жұмыс (А.С. Лыкова), «Хореографиялық ансамбль оқу процесінде музыкалық-ырғақты ойындар» (Т.А. Лейхнер), «Балалар шығармашылық студиясы қызметіндегі кіріспе сабағының ерекшеліктері» (Р.Р. Хусинова), «Әлеуметтік жобалау технологиясы» (Е.С. Шумячкин), «Қазақ ұлттық аспаптар ансамбліне ұлты басқа мектепке дейінгі жастағы балалармен сабақ ұйымдастыру ерекшеліктері» (А.М. Бекжігітова) және т.б.

Сарай – өз дамуында уақыттан қалыспай қадам басуға ұмтылатын ұйым. Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейін мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде педагогикалық ұжым балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік санаттарына бағдарланған бағдарламалық мазмұнын жаңарту бойынша жұмысты жүзеге асырады. Инклюзивті білім алу үшін жағдайлар жасау мақсатында «Барлығы үшін бейімделген мектеп» республикалық жобасы шеңберінде Инклюзивті білім беру ресурс орталығының тірек мектебі болып табылатын Қарағанды қаласы, № 27 жалпы орта білім беретін мектеппен ынтымақтастық жүзеге асырылады. Аталған ынтымақтастық шеңберінде педагогтер үшін оқыту семинарлары жүргізіледі, Сарай мамандары инклюзивті оқыту топтарында қосымша білім беру бойынша сабақтар жүргізеді. Қазіргі уақытта бұл үйірме – сәндік-қолданбалы өнері, хореографиялық және шахмат үйірмелері. Бұдан әрі ынтымақтастықты және мәдени-демалыс қызметі бағыттарын дамыту жоспарлануда.

Алматы облысы Талдықорған қаласының Жас техниктер станциясында «Оқушыларға ғарыштық білім беру контекстінде Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі туралы тұжырымдама» иновациялық жоба әзірленді және табысты енгізілді, ғарыш техникасы, зымыран технологиясы, астрономия бойынша елуден астам жобалар әзірленді.

«Космонавтика және зымыран техникасы» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен космонавтика негізін игеруге бағытталған техникалық бағытталған кәсіби бағдарланған білім беру тұжырымдамасына негізделеді және «Ғарыштық макеттеу және үлгілеу» қосымша білім берудің қолданыстағы авторлық білім беру оқу бағдарламасы негізінде қалыптастырылған.

Оқу-әдістемелік кешен білім алушылар арасында оқу жылы ішінде практикалық және теориялық сабақтар өткізуді көздейді. Космонавтиканы оқытудың барлық курсы бойы техникалық білімдерді (физиканы, астрономияны, зымыран және ғарыш техникасы негіздерін) меңгеру және жетілдіру, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру және дамыту бойынша, сондай-ақ техникалық білімдерді тереңдету және кеңейту бойынша жұмыс жүргізіледі. Космонавтиканы зерделеудің іс-жүзіндегі мақсаты оқушының физикалық қабылдау қабілеті мен дайындығын қалыптастырудан тұрады, яғни мінез-құлқын да рухани, өмір сүруді жемісті мінез құлқын да дамытуды болжайды.

Курстың негізгі мақсаты – дағдыларға оқыту және ойлауды техникалық және технологиялық негіздерді дамыта білуі. Осы кезеңде космонавтиканы

зерделеу ғылым мен техникада техникалық сауаттылық пен құзыреттілікті дамытудың келесі мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

Үйірмешілер күшімен үш жүзден астам жеңіске қол жеткізілді, Марс бойынша жиырма жеті, Ай бойынша – бес, алыс ғарышты зертеу бойынша – төрт, орбиталық станциялар мен зауыттар бойынша – үш, скафандрлар және өмір сүруді қамтамасыз ету жүйелері бойынша – төрт, басқа жобалар бойынша - жеті зерттеу жобалары орындалды.

Осы жобалар техникалық шығармашылық саласында жалпы және қосымша білім беруді кіріктіру процесі арқасында дайындалды және жалпы білім беретін мектептерді және ғылыми-техникалық бағыттағы балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыратын біріктіретін бірыңғай білім беру-тәрбие кеңістігінде жұмыс істейтін кіріктірілген техникалық білім беру моделін іске асыруға бағытталған.

Жобаның нәтижелілігі оның әрекеттілігін, оны қолдану кезінде пайдалы тиімділікке, оқуда және тәрибеде жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігін көрсетеді және негізгі екі көрсеткішпен айқындалады: сенімділік – практикада алынатын оң нәтижелердің беркітігі, тұрақтылығы, перспективалық – тәжірибені меңгеру есебінен алынатын нәтижелер өзектілігін сақтау ұзақтығы, олардың жаңа, ескірмеген күйде қалу қабілеті.

Дәуітәлі Серік Адайұлының басшылығымен Жас техниктер станциясының педагогикалық ұжымы шығармашылық, техникалық және технологиялық сауатты тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етуге қабілетті, өз талантын қоғамға қызмет етуге бағыттауға қабілетті оқушылардың ғылыми-техникалық қызметінің білім беру жүйесінің моделін жасады.

Жобаны іске асырудың басым бағыттары

1. Жас техниктер станциясы қызметін «Техникалық шығармашылық» бағыты бойынша балаларға қосымша білім берудің тірек ұйымы ретінде, облыста балалардың техникалық шығармашылықты дамыту бойынша үйлестіруші орталық ретінде ұйымдастыру.

2. Ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту үшін қосымша және негізгі жалпы білім беруді кіріктіру. Орта және үлкен жастағы балалар үшін элективті курстарды енгізу, республиканың білім беру ұйымдарының төменгі сынып оқушылары үшін «Үлгілеу және құрастыру» пәнін енгізу.

3. Ғылыми-техникалық және спорт-техникалық бағыттағы балалар-жасөспірімдер бірлестіктері желілерін сақтау және дамыту.

4. Техникалық шығармашылықтың әртүрлі түрлері мен нысандарын ұйымдастыру және көпшілікке тарату.

5. Техникалық шығармашылық бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін педагогикалық кадрлардың кәсіби шеберліктерін, біліктіліктерін арттыру бойынша жұмысты жетілдіру.

6. Техникалық бағыттағы бірлестіктің матриалдық-техникалық базасын нығайту.

7. Балалардың техникалық шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологияларды бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету, енгізу бойынша жұмыстарды жетілдіру.

